zangazet@mail.ru

№60 (3488) 29 шілде 2022

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СЕНАТОРЛАР АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАП ЖҮР

Парламент депутаттары ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан құрудағы бастамаларын халық арасында түсіндіру мақсатында еліміздің аймақтарын аралап жүр. Бұл кездесулер өз кезегінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму барысын зерделеу, ондағы тұрғындардың мұң-мұқтажын айқындауға да қызмет етуде. Мәселен, Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Владимир Волков Қонаев қаласында болды. Ол аймақ активімен, облыстық және қалалық мәслихат депутаттарымен кездесті және еліміздің саяси жүйесін сапалы трансформациялауға бағытталған конституциялық реформаның негізгі ережелерін талқылады. Депутат құқық қорғау органдарының өкілдеріне арнаған сөзінде жұртшылық құқық қорғау және сот жүйелерінен нақты өзгерістер күтіп отырғанын айта келіп, полицияның озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен ымырашыл судьяларға орын болмауы керектігін атап өтті.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙІНШІ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады. Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӘТ!

САРАП

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

2022 жылғы 20 маусымдағы заң бойынша, Дүниежүзілік банктің «Сот төрелігі секторын институционалдық нығайту» жобасы шеңберінде халықаралық сарапшылар қазақстандық заңнамаға және зияткерлік меншік саласындағы халықаралық тәжірибеге талдау жүргізді.

2020 жылғы талдау қорытындысы бойынша, Парламент Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасындағы кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ұсынды.

2022 жылы Парламент Мәжілісінде заң жобасын талқылау жөніндегі жұмыс тобының отырыстары барысында мемлекет кепілдік берген заң көмегіне түзетулер енгізуге байланысты жоба тақырыбы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп өзгертілді.

20 маусымда заңға Мемлекет басшысы қол қойды және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Заң авторлық құқық объектілеріне құқықтарды қорғаудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғауды күшейтуге бағытталған салалық заңдардың нормаларына өзгерістер енгізуді көздейді.

Түзетулер:

– мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға;

– «географиялық нұсқама» жаңа зияткерлік меншік объектісін қорғауды енгізуге;

– тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерге қатысты қысқа мерзімді қорғауды ұсынуға (ҚР аумағында айналымға енгізілген күннен бастап 3 жылдан аспайтын);

– тауар таңбалары, географиялық көрсеткіштер және тауар шығарылған жердің атаулары бойынша «оппозициялық» жүйені енгізуге (өтінім сатысында тіркеуге қарсылық білдіру мүмкіндігі) ;

– патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметін реттеуге;

– азаматтарды білікті заңгерлік көмекпен қамтамасыз етуге;

– МКЗК алуға құқығы бар адамдар тобын кеңейтуге;

– МКЗК көрсету субъектілерін кеңейтуге бағытталған.

1) «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңның 43-бабына сәйкес, ғылым, әдебиет және өнер туындыларының авторлары, орындаушылар, фонограмма шығарушылар немесе өзге де авторлық және сабақтас құқықтар иелері өздерінің мүліктік құқықтарын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдар құруға құқылы.

Ұжымдық ұйым қызметінің негізгі мақсаты авторлардың және құқық иеленушілердің құқықтарын олардың мүдделеріне орай басқару және олардың құқықтарын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қоғамдық бірлестік, жеке мекеме, заңды тұлғалар бірлестігі нысанында 13 ұжымдық ұйым («Аманат» авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі коммерциялық емес ұйым» ЖМ; «Құқық иеленушілердің еуразиялық одағы» ӨҚБ, және «Қазақстан авторлары қоғамы»; «Құқық иеленушілердің ұлттық одағы»; «Абырой» авторлық қоғамы»; «Авторлар әндерінің одағы»; «Қазақ әндерінің орындаушылары»; «Зияткерлік меншік құқықтарын басқару жөніндегі қазақстандық қоғам»; «ADAL» авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқару»;

(Соңы 4-бетте)

МІНБЕР

РЕФОРМА ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕН ТУЫНДАЙДЫ

Сот реформасы ешқашан бір орында тоқтап қалған емес және уақыт өткен сайын жаңғыртылып тұрады. Құқықтық реформа барлық елде уақыт көшімен бірге жүргізіледі. Себебі уақыт өзгеріп жатыр, заман талабы күн сайын жаңаруда, ақпарат пен технология көз ілеспес жылдамдықпен дамып барады. Кәсіптің жаңа түрлері, қаржы табудың өзгеше формалары енгізілуде, цифрландырудың ауқымы артуда. Осының барлығы жаңа қылмыс түрлерінің пайда болуына әкеліп соғады.

Дегенмен, уақыт талабынан туындаған реформа барлық елде бірдей ұтымды жүргізіле бермейді. Алыс-жақын көрші елдерге көз жүгіртсек, Украинада, Грузияда күрделі сот реформалары енгізілгенімен, олар тиімсіз болғандықтан, іске асырылған жоқ. Яғни, сот реформасын іске асыру барлық уақытта ұтымды бола бермейді. Сондықтан да біздің елде сот реформасы кезең-кезеңімен жүргізіледі. Сот жүйесінің дамуын салыстырмалы түрде азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету деңгейінің өзгерістерімен, соттардың қолжетімділігімен, сот жүйесінің жоғары әлемдік өлшемдерге сәйкес қайта құрылуымен сипатталатын кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

(Соңы 2-бетте)

МІНБЕР

РЕФОРМА ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕН ТУЫНДАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары сот жүйесі даму кезеңінде болды. Одан кейінгі 2000-2014 жылдардағы сот жүйесін модернизациялау, жетілдіру кезеңі көп өзгерістерге толы болды. Ал 2016 жылдан бастап Қазақстанның сот жүйесін дамытудың жаңа кезеңі басталды. Кодекстердің жаңадан қабылдануы, электронды сот төрелігі мен цифрландыру жүйесінің дендеп енгізілуі, ашықтық пен жариялылыққа басымдық берілуі, бұдан өзге де жетістіктер сот билігінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттырды.

Дәл қазір де күрделі сот реформасы жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құқық қорғау институттарын күшейтуге басымдық берді. Бұл – әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды талап.

Бүгінде республика соттары заман талабына сай қатаң тәртіппен, жаңа технология мүмкіндіктерімен төрелік етіп келеді.

Сот имиджінің әлеуетіне қол жеткізу үшін сот билігі ұйымдар мен азаматтардың сотқа деген сенімін одан әрі арттырып, Конституция мен заң талаптарының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етуі керек.

Жалпы алсақ, өткен жылы республика бойынша аудандық, қалалық соттарда күніне 5 мың шешім мен үкім шығарылған екен. Бұл әр судьяға бөлгенде орта есеппен 3-еуден келеді. Осы шешімнің тек 8 пайызы сот алқасында апелляциялық тәртіппен шағымданған, ал бірінші саты соттарының шығарған сот актілерінің 92 пайызы жоғары инстанцияларда қаралмаған. Бұл сот шешімдерінің заңды әрі талап нормасына сай екендігін және сотқа деген сенімнің артып келе жатқанын білдіреді.

Әрине, сот адам тағдырына қатысты шешім шығаратындықтан, ол шешім тек бір жақтың пайдасына шешілетіндіктен, мұнда наразылар да, шағымданушылар да, сот актісімен келіспеушіліктер де болады. Яғни сот бұған дейін де сын мен міннің ортасында болды, әлі де бола береді. Кез келген сотты алсаңыз, ол сынға дайын.

Қазіргі сот жүйесінде сот төрелігін жүргізудің төрт түрлі формасы бар: қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылық және әкімшілік сот. Оның ішінде былтыр ғана енгізілген әкімшілік әділет жүйесі бір жылда үлкен өзгеріс алып келді. Әсіресе, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасында татуласу рәсімімен аяқталған істер көп.

Осы ретте татуластыру рәсімінің барлық сот төрелігінде қолдану аясы кеңейгенін атап өтуге болады. Бірақ біздің елде 2019 жылдан бері татуластыру рәсімін кеңейту жұмыстары жаңаша қарқынмен жүргізіле бастады. Барлық қалада медиация орталықтары, татуластыру кабинеттері ашылды. Билер кеңесі, ақсақалдар кеңесі татуластыру рәсімін жүргізуге белсене кірісті. Ал енді сот жүйесіндегі цифрландыруға келер болсақ, бүгінде талап арыздардың 90 пайызы «Сот кабинеті» IT сервисі арқылы қабылдануда. Дәл осы сервистің өзінде дауларды сотсыз шешудің тиімділігі туралы нақты айтылған және азаматтарды әр істі татуласу рәсімімен қарауға шақырылған.

Сот билігі тарапынан әлі де медиация рәсімі насихаттала береді. Бұл жұмыста «Цифрлық сот талдауы» IT сервисінің де үлкен үлесі болмақ. Жаңадан іске қосылып жатқан бұл сервис туралы айтар болсақ, бағдарлама жасанды интеллект арқылы сотқа келіп түскен талап арыздар мен іс материалдары бойынша алдын ала сот шешімінің ықтимал нәтижесін болжай алады. Азаматтар сол болжам бойынша соттаса ма әлде өзара келісімге келе ме, әрі қарай әрекет ете береді. Сот жүйесіндегі жаңғырудың тағы бір көрінісі – қазір ақтау үкімдері көптеп шығарылуда. Мұның себебі соттар тергеуге қарсы шағымдарды жиі қанағаттандыра бастады. Күдіктілерді қамауға санкция беру екі есе азайған.

Қазіргі кезде қылмыстық істер саны азайып келеді. 2017 жылы республика бойынша 65 мың тұлғаға қатысты іс қаралса, қазір шамамен екі есеге төмендеп, былтыр республика соттарында 38 мың тұлғаға қатысты іс қаралған. Сот төрелігін жүргізуде ел абыройын асқақтатып, азаматтардың заңды құқығын қорғау, мемлекет мүддесін сақтап, әділдікті үнемі тұрақты түрде ту етіп көтеріп жүру оңай емес. Дегенмен сот әділдігі көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсарғанын атап өтуге болады.

Халық сот жүйесіне сенуі керек. Қазіргі реформалардан күтетін басты нәтиже осы.

Ержан ҚАРАБАЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

КИЕ

ТІЛДІ ДАМЫТУДАН ЖОҒАРЫ МҰРАТ ЖОҚ

Ана тілі – халықтың асыл мұрасы, ұлттың бірегей коды, алтын тәжі. Әр халықты бір-бірінен ерекшелейтін қасиеттің бірі – тіл. Сондықтан болашағын ойлаған кез келген ұлт ана тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, ұрпағының өз тілінде білім алуына, сөйлеуіне жағдай жасауы керек. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, тілді дамытуға қатысты іс-шараларды үзбей қолға алудың түпкі мақсаты да осы.

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Бұл – ғасырлар бойы көз жеткен шындық. Бұған әлемдегі аз халықтардың даму тарихына шолу жасап отырып көз жеткізу қиын емес. Еліктеу мен немқұрайдылықтың нәтижесінде өз ана тілінің інжу-маржандарынан қол үзіп, ұрпағын мәңгүртке айналдырғандар баршылық. Біз сондай ұлттардың қателігінен сабақ алып, қазақ тілінің қағажу көруіне жол бермеуіміз керек.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін арнайы заң бар. Жыл сайын Қазақстандағы жергілікті халықтың да үлесі өсіп барады. Бірақ, халық санының көбейгені қазақ тілін тұтынатындар санының өскенін білдірмейді. Бүгінде өзге тілде шүлдірлеп, өз ата-анасының сөзін түсінбейтін ұрпақ өсіп келеді. Баланың орыс тілінде сөйлегені, ағылшын, корей тілін білуі мақтаныш екені шындық. Бірақ, өзге тілді білген ұл-қызымыздың өз ана тілінен мақұрым болуы – нағыз қорлық.

Біз қазір «Мемлекеттік мекемелер неге мемлекеттік тілде қызмет көрсетпейді?», «Қазақша білмегендерді билікке жолатпау керек» дегенді ел ішінде жиі естиміз. Бұл – шындығында, дұрыс талап. Мемлекеттің тілін білмегендердің мемлекеттік қызметте жүруі қате. Алайда, осылай талап қойғандардың көпшілігінің ұл-қызы, немересі қазақшаға шорқақ, орысшаға жүйрік келетінін де көріп жүрміз. Осыдан көріп тұрғанымыздай, мемлекеттік тілдің дамуына ең алдымен отбасындағы тәрбие, жаңұядағы сөйлесу тілі айтарлықтай ықпал етеді. Кейбір ата-ана баласымен орысша тілдесуді мақтаныш көреді. Кейбір ата-ана баласының интернеттен не қарайтынынан, ақпаратты қай тілде алатынынан мүлде бейхабар. Көргені өзге елдің түсірілімдері, күні-түні естігені өзге тілдегі ақпараттар болғандықтан, бүлдіршіндер өз ана тілінен бұрын басқа тілді тез меңгеріп кетеді. Осыған орай қазақ тілін отбасы тіліне айналдыру кезек күттірмейді.

Құзырлы орындар да мемлекеттік тілдің мерейін үстем ету үшін бар мүмкіндікті қолға алуда. Соның қатарында қазақстандық сот та бар. Соттардағы шығыс құжаттары толықтай мемлекеттік тілде дайындалады. Кеңсе мамандарының, сот қызметкерлерінің қазақ тілін терең меңгеруіне мән беріледі. Өйткені азаматтар өзіне қажет қызметті мемлекеттік тілде кедергісіз алуы қажет. Сонымен бірге, сот ғимаратындағы құжат үлгілері, түсіндірмелер толықтай мемлекеттік тілде жасалады.

Әрине, сотта қаралатын істердегі мемлекеттік тілдің үлесін арттыру біздің құзырымызда емес. Заңда айшықталғандай, азаматтар сотқа арыз-шағымын қай тілде жазса, сот ісі сол тілде жүргізіледі. Сот тілін өзгертуге судьялардың құзыреті жоқ. Дегенмен, біз өз тарапымыздан азаматтарға жол сілтеп, кеңес беруді парыз деп білеміз. Себебі арызды орыс тілінде жазғанымен, ол тілде ештеңе түсінбей, ойын жеткізе алмай тұрған азаматтардың сот тілін өзгертуге құқығы бар. Олар мұндай қадамға тергеушінің, адвокаттың айтуымен барғанын айтып, ақталып жатады. Ал адвокат, тергеушілерге өздері білетін тілде іс жүргізген тиімді. Олар қорғауындағы азаматтың мүмкіндігін ескере бермейді. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында құзырлы орган өкілдерімен кездесу, семинар, тренингтер өткізіп, мемлекеттік тілдің маңызы, қазақша іс қараудың қажеттілігі туралы үнемі айтып, жөн сілтеп келеміз. Тек содан көпшілік сабақ алса, қанеки. Өйткені біз үшін тілді дамытудан жоғары мұрат болмауы керек.

Е.ИЛЬЯСОВ,
Қордай аудандық сотының төрағасы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

«АШУ –ДҰШПАН, АҚЫЛ –ДОС»

Дана халқымыз «Отан отбасынан басталады», «Отбасы – шағын мемлекет» деп бекер айтпаса керек. Себебі, әрбір отбасы, жаңадан құрылған шаңырақ қоғамның ажырамас бір бөлшегі, мемлекеттің құндылығы саналады.

Еліміздің неке-отбасы заңнамасы еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігіне, құқықтарының теңдігіне, отбасының ісіне кімнің болса да, өз бетінше араласуына жол берілмеуіне, мәселелерді өзара келісім арқылы шешуге, балалардың отбасында тәрбиелену басымдығына, отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз етіп, құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндіктері қағидаттарына негізделеді.

Жыл басынан бері Маңғыстау облысы бойынша 1974 неке тіркелген екен. Әрине, көтерген барлық шаңырақтың жапырағының жайылып, тамырының тереңге кеткені маңызды-ақ. Алайда, сотқа өңірде неке бұзу туралы талаппен жүгінетіндердің де қатары азаймай отыр. Атап айтсақ, жарты жылда неке бұзу туралы Ақтау қаласының №2 сотына 778 талап қою түссе, оның ішінде қанағаттандырылғаны – 373. Ал, тараптардың татуласуына байланысты талап қоюдан бас тартқандар саны – 168.

Сондай-ақ, елімізде «Отбасылық сот» жобасы жүзеге асырылды. Аталған жобаның аясында түрлі отбасылық дауларды оңтайлы жолмен шешіп, отбасы құқығын сақтау бағытында жұмыстар атқарылып келеді. Аталған жобаны жүзеге асыру аясында Маңғыстау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғимаратында арнайы «Отбасы орталығы» ашылғаны белгілі. Мұнда отбасылық дау-жанжалдарды шешу мақсатында үздіксіз психолог жұмыс жасайды.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 19-бабына сәйкес, егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаса, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады. Сондай-ақ, ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болса, ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаса, егер ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қарамастан, өз іс-әрекеттерімен не әрекетсіздігімен некені бұзудан жалтарса, олардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған жағдайларда, неке сот тәртібімен бұзылады. Ерлі-зайыптылар некені бұзу туралы сотқа өтініш берген күннен бастап бір ай өткен соң неке сот тәртібімен бұзылады.Осы орайда, неке бұзу туралы азаматтық істерді қараған кезде судья алдында тұрған басты міндет - ерлі-зайыптыларды ажырастыру емес, барынша олардың «ашуларын ақылға жеңдіріп», яғни татуластыруға, заңды некені сақтауға негізделеді. Көп жағдайда сотқа келген ерлі-зайыптылар кінәні бір-бірінен іздеуге құмар. Некені бұзуға себеп ретінде бірі ішкілікке салынғанын сылтау етсе, енді бірі жұмысының жоқтығын алға тартады. Өкінішке орай, жұбайын қорқыту үшін сотқа талап қоятындар да табылып отыр. Некені бұзуға қадам өзгені қорқыту үшін жасалмауы тиіс. Шын мәнінде, некені бұзуға талап қою арызын беру ойланып, «жеті рет өлшеп, бір рет кесетін» дүние. Неке бұзу бойынша сотқа жүгінген әрбір тарапқа «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» екенін негізге ала отырып, олардың асығыс шешім қабылдамауы үшін ойлануға, татуластыруға шаралар қолданып, татуласу үшін заң аясында мерзім тағайындалады. Осы мерзім ішінде ортақ бір шешімге келіп, қайта шаңырақтарын тіктеп, ошағының отын сөндірмеуге қадам жасайтындар жетерлік.Ал, егер де ерлі-зайыптыларды татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені бұзуды талап етсе, неке бұзылады. Сонымен қатар, неке сот тәртібімен бұзылуы кезінде ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады.

Отбасымыздың құндылығын сақтап, шағын ғана мемлекетіміздің іргетасының берік болуына атсалысайық.

Марал СЕЙТОВА,
Ақтау қаласының №2 сотының судьясы

БРИФИНГ

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Байзақ аудандық сотында сот жұмысының 2022 жылдың 6 ай қорытындысы бойынша сот төрағасы Е.Тилеубековтың төрағалығымен брифинг өтті. Іс-шараға жергілікті «Ауыл жаналығы – Сельская новь» газетінің бас редакторы Г.Ермұратова қатысты.

Жиын барысында сот төрағасы Е.Тилеубеков 2022 жылдың 6 айында сотта 352 азаматтық іс, 43 тұлғаға қатысты 35 қылмыстық іс, 315 тұлғаға қатысты 315 әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істер, 24 әкімшілік істер қаралғанын айтты. Сонымен қатар қылмыстық істер бойынша 38 тұлғаға қатысты 31үкім, азаматтық істер бойынша 180 шешім, әкімшілік істер бойынша 15 шешім, әкімшілік құқықбұзушылық істер бойынша 275 тұлғаға қатысты 275 қаулы шығарылғандығы жайлы, Билер кеңесінің қатысуымен сотта медиация тәртібімен 28 азаматтық істің қысқарғанын жеткізді.

Сондай-ақ, Е.Тилеубеков Байзақ аудандық сотының БАҚ-мен тығыз қарым-қатынасы жайлы да айтты. Осы уақыт аралығында жергілікті және республикалық газет беттерінде барлығы 42 мақала жарияланыпты.

Жиында мемлекеттік тіл мәселесі де назардан тыс қалмады. Қазіргі таңда сот өндірісіндегі мемлекеттік тілдің үлесі өскен. Мәселен, 2022 жылдың 6 айын өткен 2021 жылдың 6 айымен салыстырғанда кіріс хаттары 3,52%-ға өссе, шығыс хаттары 7,73%-ға өсіпті.

Брифинг соңында Е.Тилеубеков аудандық «Ауыл жаналығы – Сельская новь» газетінің бас редакторы мен басқа қатысушылардың барлық сұрақтарына жауап берді.

Өз тілшіміз

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СЕНАТОРЛАР АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАП ЖҮР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сенатор **Владимир Волков** өз сөзінде Парламенттің заң шығару қызметі туралы айтты. Оның ішінде қазақстандықтарды әлеуметтік қорғауды күшейту және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған заңнамалық актілер туралы сөз қозғады. Ол сондай-ақ Конституцияның жаңартылған нормаларын және ел Президентінің басқа да бастамаларын іске асыру үшін 20-дан астам заңға өзгерістер енгізу қажет екенін атап өтті.

В.Волков сапар барысында Қарасай ауданының тұрғындарымен де кездесті. Онда Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан конституциялық реформаның негізгі ережелері талқыланды.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы **Нариман Төреғалиев** жұмыс сапары барысында Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында болып, Күйгенкөл, Жәнібек, Тау және Қамысты ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесулер өткізді және ауданның тыныс-тіршілігімен танысты. Жиында аудан орталығын және ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз ету, жолдардың жағдайы, азық-түлік бағасының қымбаттауы, білім сапасы, дәрігерлердің жетіспеуі мәселелері сөз болды.

Нариман Төреғалиев Қазталов ауданының бірқатар елді мекендерін аралап, жергілікті тұрғындармен кездесті. Онда тұрғындардың түйткілді мәселелері, сондай-ақ қабылданған бірқатар заңдар талқыланды. Сенатор Казталов ауданындағы Сарықұдық, Жалпақтал, Қараөзен, Жұлдыз, Казталовка ауылдарындағы білім беру нысандарының құрылыс барысымен және жолдардың жағдайымен танысты.

Сенатор Бөкейорда ауданында да болды. Тұрғындармен кездесуде жергілікті тұрғындарды алаңдатып отырған логистика, медицина, жұмыспен қамту және білім беру мәселелері туралы айтылды. Сондай-ақ электр сымдарының тозуы, Мұратсай ауылындағы фельдшерлік-амбулаторияны жөндеу, мал шаруашылығына арналған су көздерін пайдалануды оңтайландыру және басқа да әлеуметтік мәселелер көтерілді.

Депутаттар Нариман Төреғалиев пен **Ләззат Рысбекова** Қаратөбе және Шыңғырлау аудандарын аралап, аудан орталығы мен Ханкөл ауылының тұрғындарымен кездесті. Жергілікті тұрғындар тұрғын үй беру және жерді пайдалану, азық-түлік бағасының өсуі, өнеркәсіпті дамыту және жаңа мектеп салу мәселелерін көтерді. Парламент депутаттары Алмаз, Ақшат және Шыңғырлау ауылдық округтерін де аралады. Тұрғындардың айтуынша, аудан орталығын көктемгі және күзгі кезеңдерде елді мекендермен байланыстыратын Сегізсай-Ақшат-Шыңғырлау жолын су басады, кей жері шайылып кетіп, халыққа қиындық туғызады. Сенаторлар көтерілген барлық мәселелер тиісті мемлекеттік органдардың назарына жеткізілетінін және бақылауға алынатынын жеткізлі.

Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы **Қанатбек Сафинов** кәсіби медиаторлармен кездесіп, медиация саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселесін талқылады. Онда медиаторлардың кәсіби қызмет барысында тап болатын проблемалары сарапқа салынды. Депутат кездесу барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды іске асыру жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау қорытындысы бойынша Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне ағымдағы жылдың соңында Медиаторлардың бірінші форумын өткізу ұсынылғанын атап өтті.

Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы **Ақылбек Күрішбаев** А.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының ұжымымен астық шаруашылығын дамытудың алдағы перспективаларын талқылады. Кездесу депутаттың Ақмола облысына жұмыс сапары аясында Шортанды ауылында өтті. Кездесу барысында екі жетекші ғылыми ұйымның ғылыми әлеуетінің синергетикасы сапалы жаңа ғылыми бағдарламалар дайындауға мүмкіндік бергені туралы хабарланды. Соның нәтижесінде Қазақ агротехникалық университеті мен Ғылыми-өндірістік орталық мақсатты қаржыландыру бағдарламасы бойынша конкурста 5,5 млрд теңге ұтып алды. Ал бұл – аграрлық ғылымды бағдарламалық қаржыландырудың төрттен бір бөлігі.

Сенат депутаты **Андрей Лукин** елордадағы халықты жұмыспен қамту орталығы мен «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болып, ұйым қызметкерлерімен және қала тұрғындарымен кездесті. Андрей Лукин мекемелерге сапары барысында азаматтар мен жұмыс берушілерге еңбек ету жөнінде делдалдық қызмет көрсету және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру барысы мен жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру жағдайымен танысты.

Сенатор сонымен қатар Мемлекет басшысының бастамасы бойынша елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды заңнамалық қамтамасыз ету жөнінде палатаның атқарған жұмыстар туралы, оның ішінде қазақстандықтардың әлеуметтік мәселелерін шешу мен халықтың табысын арттыруға бағытталған игі істер туралы кездесуге қатысушыларға айтып берді.

Андрей Лукин Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің «Байқоңыр», «Есіл», «Алматы» және «Сарыарқа» аудандарындағы полиция басқармаларында да болды. Ол палатаның заңнамалық жұмысы туралы басқарма қызметкерлеріне айтып берді. Атап айтқанда, құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы мен жауапкершілігін арттыру, ішкі істер органдарының дербестігі, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту және қару айналымы мәселелері бойынша Сенат қабылдаған заңдарға егжей-тегжейлі тоқталды.

Сенат депутаттары **Нұрлан Бекназаров** пен **Айгүл Қапбарова** жұмыс сапары барысында Шымкент қаласының қоғамдық кеңесінің мүшелерімен және Шымкент қаласының БАҚ өкілдерімен де кездесті. Онда БАҚ туралы заң жобасына өзгерістер енгізу, журналистердің мәртебесі, мерзімді басылымдардың қазіргі жағдайы мен кадр тапшылығы мәселелері талқыланды. Сенаторлар сондай-ақ Шымкент қаласы Ұлттық ұланының әскерилерімен және Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессор оқытушылар құрамымен кездесіп, материалдық-техникалық базаны, инфрақұрылымды және оқу-жаттығу базаларын аралады.

Сенат депутаттары **Нұртөре Жүсіп** пен **Динар Нөкетаева** Алматы қаласында «Алматыкітап» баспа үйінде еңбек ұжымымен кездесті. Сенаторлар Қазақстандағы баспа нарығын дамыту барысымен таныса келіп, жаңа тәжірибелерге назар аударды. Әлем және ТМД елдері арасында кітап басып шығару саласында үздіктер қатарынан көрініп келе жатқан «Алматыкітап» баспа үйінің қызметін 200-ден астам мектеп пайдаланып отырғаны қуантады. Мектеп мұғалімдері мен оқушылар «Алматыкітап» әзірлеген платформа арқылы үздіксіз білім беруді жалғастыра алады. Сенаторлар Абай атындағы кітап үйінде болып, кітап саудасын жетілдіру мәселесіне назар аударды.

Сенаторлар **Нұрлан Бекенов** пен **Бекболат Орынбеков** Ақмола облысының Аққөл ауданына жұмыс сапары барысында аудандық мәслихат депутаттарымен кездесті. Парламентшілер палатаның VII шақырылымының 2 сессиясы жұмысының қорытындылары, қаралған мәселелердің тізбесі, мақұлданған нормативтік-құқықтық актілер мен пысықтауға жіберілген жобалардың саны туралы айтып берді. Кездесуге қатысушылар сонымен қатар еліміздің жоғары заң шығарушы органының жұмысына қатысты Конституцияға түзетулерді жүзеге асыруды, сондай-ақ Сенат жұмысындағы бүгінгі басымдықтарды талқылады. Мәслихат депутаттары аудандағы жағдай туралы айтты және өзекті мәселелермен бөлісті. Сенаторлар қоғамды толғандырған сұрақтарға жауап берді және олардың шешілуге көмектесетіндерін жеткізді.

Сенат депутаты **Бекболат Орынбеков** Тараз қаласында сапарда болып, бірқатар нысандардың жұмыстарымен танысты. Сенатор «Арай-2» шағынауданындағы әлеуметтік дүкенде, «Арай» және «Барысхан» тұрғын алқаптарындағы мектептерде, аудандық жылыту қазандығында (РК-4), 200 орындық онкологиялық ауруханада, 150 орындық оңалту орталығында, 15-шағын ауданда және Талас өзенінің жағалауында болып, нысандардың жағдайынан хабардар болды. Депутат мектеп, оңалту орталығы құрылыстарын және өзен жағалауын бекіту жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы аяқтауға назар аударды. «Таразэнергоорталығы» АҚ-ның апатты жағдайдағы мұржасын жөндеу, аудандық қазандық маңынан қосалқы қазандық салу мәселелерін қарастыру керек екенін айтты.

Сенат депутаты **Ләззат Сүлеймен** жұмыс сапары барысында Жетісу өңірінде болып, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесті. Облыстық прокуратура мен ішкі істер департаменті өкілдерімен кездесуде депутатқа қаңтар оқиғасы бойынша жүргізіліп жатқан тергеп-тексеру барысы туралы баяндалды. Өз кезегінде облыс прокуратурасы азаптау фактілерінің әрқайсысы тексеріліп, кінәлі азаматтар тиісті жазасын алатынын айтты.

Сонымен қатар, сенаторға қылмыстық процестің үш деңгейлі моделін енгізу қылмыстарды ашуға көмектесетіні, сонымен қатар цифрландыру деңгейін арттыру қажет екені айтылды. Сапар барысында депутат Ақсу өңірінде де болып, бірқатар әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылу барысын талқылады.

Сенат депутаты **Қайрат Қожамжаров** жұмыс сапары барысында Нұр-Сұлтан қаласындағы 6636 әскери бөлімінің базасында Ұлттық ұлан Жоғарғы қолбасшылығының басшылығымен кездесті. Сенатор жылжымалы командалық пункт пен байланыс орталығының тактикалық-техникалық мүмкіндіктерімен танысты. Депутат Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Парламент құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар мен әскери қызметшілерді құқықтық және әлеуметтік қорғауды жақсартуға бағытталған заң қабылдағанын хабардар етті.

Сенатор Алматы, Тараз, Талдықорған, Шымкент және Қызылорда қалаларында орналасқан «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдердің командирлерімен бейнеконференция байланысы арқылы кездесті. Отырыс барысында қызметтің негізгі бағыттары, оның ішінде Ұлттық ұлан бөлімшелерін сандық және сапалық жағынан нығайту және «Бүркіт» арнайы жасақтарын жасақтау туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау барысы туралы есеп тыңдалды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА
«Заң газеті»

ТІЛСІЗ ЖАУ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ!

Жаз мезгілінде тілсіз жаудан келетін қауіп көп. Қауіпсіздік шараларын сақтап, оны қамтамасыз ету ғана бізді қатерден құтқарады.

Жазғы ыстыққа шыдас бермеген жандар ауа желдеткіші мен салқындатқыштың астында жатқанды жөн көреді. Бұл техника кей үйлерде 24/7 қосулы тұрады. Мәселе де осы тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған токтан шығады. Мамандардың айтуынша, тұрғын үй секторларында жыл басынан бері 148 өрт шығу жағдайы тіркелген. Жалпы шығын көлемі – 55 213 000 теңге. Оның 64-і Қызылорда қаласында, 6-ауы Арал ауданында, 13-і Қазалы ауданында, 15-і Қармақшы ауданында, 16-сы Жалағаш ауданында, 10-ы Сырдария ауданында, 9-ы Шиелі ауданында және 15-і Жаңақорған ауданында орын алған. Өткен жылы – 144 үй-жайда өрт оқиғасы болған. Ал нысандарда – 21 өрт шығу жағдайы тіркелген. Нысан иелері мен мемлекетке келген шығын – 23 847 103 теңге. Сонымен қатар, мамандар автомобиль жүргізушілерін де сақ болуға шақырады. Алты ай ішінде 61 көліктен ақау шығып, өртенген. Шығын көлемі – 37 894 291 теңге. Көлік өрті бойынша жыл басынан бері Қызылорда қаласында – 25, Арал ауданында – 8, Қазалы ауданында – 3, Қармақшы ауданында – 4, Жалағаш ауданында – 4, Сырдария ауданында – 3, Шиелі ауданында – 8 және Жаңақорған ауданында – 6 жағдай болған.

«Кей жағдайларда адам қолынан дала және орман өрті орын алатын жағдай да тіркеледі» – дейді мамандар. Жыл басынан бері 12 жерде өрт тіркеліп, 204 000 теңге шығын келген. Бұл жағдай бойынша Қызылорда қаласында – 3, Арал ауданында – 0, Қазалы ауданында – 0, Қармақшы ауданында – 0, Жалағаш ауданында – 5, Сырдария ауданында – 1, Шиелі ауданында – 2 және Жаңақорған ауданында – 1 жағдай орын алған. Демалыс кездерінде от жағатын жағдай болса оттың толық сөнгенін қатты қадағалауға шақырады құтқарушылар.

Жазғы маусым Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерінің жұмысы қызатын кез. Судағы қауіп-қатердің алдын алу мақсатында тұрғындар арасында кешенді түрде үгіттеу-түсіндіру жұмыстарын жүргізгеніне қарамастан, 2022 жылдың қаңтар айынан бастап бүгінге дейін Қызылорда облысының су айдындарында судағы қайғылы оқиғалардың 23 фактісі тіркелді. Өкінішке қарай оқиға орнында 23 адам тілсіз жаудың құрбаны болды. Оның 8-і жасөспірім. Құтқару қызметкерлері, полиция департаменті қызметкерлері, қоғам еріктілері, білім саласының қызметкерлерінің 14:30-дан 21:00-ге аралығында рейдтік жұмыстар үзбей жүргізгенінен өткен жылға қарағанда тілсіз жау құрбандары 62,1 % төмендеген.

Сонымен қатар профилактикалық жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да жүзеге асырылуда. «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында 35 мақала жарияланды. Департаменттің әлеуметтік желілеріне 47 бейнероликпен 73 мақала басылды. Облыс аумағында жазғы суға шомылу маусымына байланысты 307 орынға суға шомылуға тыйым салынатыны туралы тақтайша және 165 билбордтар орнатылды»,– деді облыстық ТЖД департаментінің азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Асхат Тоғызбаев. Сондай-ақ, басқарма басшысы қайғылы оқиғалар жиі орын алатын қауіпті аймақтар туралы сөз етті. Айтуынша жыл басталғалы оқиғалар жиі орын алатын Сырдария өзенінде 4 жағдай (2021 жылы – 10 жағдай), каналдарда 12 жағдай (2021 жылы – 27 жағдай), өзендерде 3 жағдай (2021 жылы – 2 жағдай), арықтарда – 3 жағдай тілкелген.

Құтқару қызметі өз аймақтарында қырағы жұмыс істеуде, осы кезге дейін жыл басынан бастап құтқарушылар 8 адамды құтқарды, оның ішінде 1 жас бала бар. Өткен жылы 16 адам құтқарылыпты, оның 4-і бала. Облыс аумағымен өтетін Сырдария өзенінің ұзындығы 1274 шақырымды құрайды. Мұнан басқа 19 ірі канал, 220 шағын каналдар және 207 көл облыс аумағында орналасқан. Оның ішінде суға шомылуға рұқсат етілген 2 жеке жағажай жұмыс істеп тұр. Олар Қызылорда қаласында, Арай мөлтек ауданында орналасқан «Сыр-самалы» және Белкөл кентінде орналасқан «Абай» демалыс орындары. Қазіргі таңда облыс көлемінде Шиелі ауданы «Ақ Орда», Сырдария ауданы «Қалғандария», Қармақшы ауданы. «Мұратбаев» және Қазалы ауданы «Қашқан су» 4 коммуналдық жағажайдың қаулысы әзірленуде. «Шомылу маусымы кезеңінде судағы төтенше жағдайларға ден қою үшін департаменттің жедел-құтқару жасағының күштері 49 сүңгуір маман мен 18 бірлік техника, 16 дана ілмелі моторлар, 5 бірлік катерлер, 6 бірлік темір қайық, 2 бірлік пластикалық қайық, 8 бірлік үрлемелі қайықпен жасақталған»,– деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар өз сөзінде «Қызылорда облысының Полиция департаментімен бірлесіп, суға шомылу маусымы кезеңінде ӘҚБ туралы кодексінің 364-бабы (Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу) бойынша 30 адамға ескерту жасалып және жоғарыда аталған кодекстің 440-бабы (Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу) бойынша 2273 азаматқа әкімшілік шара қолданылған, 11 млн 118 мың 690 тенге айыппұл салынса, олардың өндірілгені 4 млн 554 мың 681 тенге.

2022 жылдың басынан «Облыстық экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облыс аралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» облыс көлемінде заңсыз балық аулау бойынша 118 деректі тіркеп, 1 млн 608 мың теңге айыппұл салды (ҚР ӘҚБ 383-бап «Балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзу»)», – деді Асхат Тоғызбаев.

Мамандар қолдан келгеннің бәрін жасауда, ендігі амал өзіңізде.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

САРАП

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстандық құқық иеленушілер қоғамы» «Шапағат» РҚБ-тері мен «Ұлттық авторлық бірлестік» ҚБ; «Қазақстандық зияткерлік меншік агенттігі» ЗТБ қызметін жүзеге асырады. Бұл ретте, олардың барлығы коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Тәжірибені талдау, авторлар мен құқық иеленушілердің шағымдары ұйымдардың міндеттерін нақтылауды қажет етті. Түзетулер жеті мыңға жуық қазақстандық авторлар мен құқық иеленушілердің тиесілі сыйақы алуға үмітті екенін көрсетеді және ұжымдық ұйымдармен олардың құқықтарын бұзуын болдырмауға бағытталған.

Заңмен ұжымдық ұйымдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында олардың міндеттері толықтырылды және нақтыланды.

1. Осылайша, заңмен авторлардың немесе құқық иеленушілердің құқықтарын ұжымдық басқаруға бір ғана ұжымдық ұйымға немесе көлемі, аумағы және басқару салалары бойынша аражігі шектелген бірнеше ұжымдық ұйымдарға беру бөлігінде түзетулер енгізілді.

2. Барлық құқық иеленушілерге ұжымдық ұйым қызметіне қатысты ақпаратқа автоматтандырылған қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұжымдық ұйымның міндетін енгізу бөлігінде түзетулер көзделген.

Осылайша, автор немесе өзге құқық иеленуші ұжымдық ұйымның интернет-ресурсында «Жеке кабинет» құру арқылы нақты уақыт режимінде авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану жөніндегі жиналған сыйақы, ұжымдық ұйыммен ұстап қалған соммаларды қоса алғанда бөлінген сыйақы сомалары туралы ақпаратқа қол жеткізе алады. Жоғарыда көрсетілген ақпаратты ұжымдық ұйым өз интернет-ресурсында «жеке кабинеттер» арқылы авторлар мен құқық иеленушілерге жиналған сыйақы, ұсталған сомалар туралы есептермен бірге ұсынады және міндеттер тізбесіне енгізілетін болады.

3. АҚтЗ-ға сәйкес, ұжымдық ұйым қызметінің қағидаттық мәселелері ұжымдық ұйым мүшелерінің жалпы жиналысында шешіледі.

Авторлар мен құқық иеленушілердің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ұжымдық ұйымды жалпы жиналыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдау арқылы уәкілетті органның өкілін оған қатысуын қамтамасыз етуін жүзеге асыруын міндеттейтін нормасы енгізілді.

Бұл жерде уәкілетті орган жалпы жиналыстың мүшесі ретінде қатыспайтынын және онда шешім қабылдамайтынын түсіну қажет. Оның қатысуы байқаушы сипатқа ие. Бұл ұжымдық ұйым ұсынатын ақпарат пен есептердің сенімділігі үшін жасалады.

4. Сондай-ақ пайдаланушылармен жасалатын шарттар, мүдделердің өзара өкілдігі туралы шарттар жасасу бойынша ақпаратты ұжымдық ұйымның интернет-ресурсында орналастыру жөніндегі міндеттер нақтыланды.

Бірнеше ұжымдық ұйымдар арасындағы шарттарда мүдделерді өзара білдіру авторлар мен құқық иеленушілерге өздерінің авторлық сыйақыларын толық көлемде алуға толық мүмкіндік береді. Бір-бірімен келісім жасасатын бірнеше ұжымдық ұйым тек осы өкілдікті сеніп тапсырған авторларға қатысты мүдделерін білдіруге құқылы болады.

5. Ұжымдық ұйым қызметінің ашықтығы сондай-ақ кезеңділігі қазір екі жылда бір рет болатын аудиттердің міндеттілігімен қамтамасыз етілетін болады. Бірақ Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы келісімге (2019 жылғы 7 мамырдағы заңымен ратификацияланған) сәйкес келтіру үшін (бұдан әрі – Келісім) ұжымдық ұйымның интернет-ресурсында орналастыру арқылы 5 жыл ішінде аудиторлық қорытындыға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі ұжымдық ұйымның міндеті туралы түзету енгізілді.

6. Келісімнің 3-бабының 3-тармағына сәйкес, ұйым жиналған сыйақыдан құқықтарды ұжымдық басқаруды жүзеге асыру жөніндегі өз шығыстарын жабуға арналған соманы ұстап қалуға құқылы.

Мұндай ұстап қалу әрбір құқық иеленушіге тиесілі әрбір сомадан пропорционалды түрде жүзеге асырылуға тиіс.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ұжымдық ұйым жиналған сыйақыдан сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған соманы, сондай-ақ өзі өкілі болып табылатын авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің келісімімен және олардың мүдделері үшін осы ұйым құратын арнаулы қорларға жіберілетін соманы шегеруге құқылы. Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өздерінің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30%-нан аспауы тиіс (Заңның 46-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы).

Заңда сыйақы жинау, бөлу және төлеу жөніндегі нақты шығыстарды жабуға ұжымдық ұйым үшін ұсынылатын, сондай-ақ арнайы қорларға жіберілетін сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30% аспауға тиіс екендігі бөлігінде нақтылау енгізілді.

7. Ұжымдық ұйым қызметінің тиімділігі бөлігінде ұжымдық ұйымды аккредиттеуден айырылуға тиіс бұзушылықтардың түрі, атап айтқанда, ҚР Үкіметі белгілеген сыйақының ең төменгі ставкаларынан төмен авторларға сыйақы ставкаларын қолданғаны үшін толықтырылды.

8. Ұжымдық ұйымның заңда белгіленген міндеттерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты (уәкілетті орган аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап 2 жыл ішінде) ұжымдық ұйымды аккредиттеуден бас тарту негіздерінің тізбесі толықтырылды.

9. Бұдан басқа, АҚтЗ-да ақпараттық технологиялардың дамуына және оқу процесін жүргізу үшін цифрландырылған оқу материалдарымен қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты туындыларды еркін пайдалану жағдайлары толықтырылды, сондай-ақ ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар бойынша Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу кезінде ұсынылатын құжаттар нақтыланды.

Аталған түзету «Білім туралы» заңға енгізілген өзгерістерге ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімнің жүктемесін азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен сәйкес келтірілді.

2) заңмен ұлттық брендтеуді дамыту мақсатында өнеркәсіптік меншік объектілерінің ағымдағы тізбесі тағы бір «географиялық нұсқама» объектісімен толықтырылды.

Өңірлік бренд ретінде пайдаланылатын дараландыру құралдары ретінде географиялық нұсқама (ГН) және тауар шығарылған жердің атауы (ТШЖА) пайдаланылуы мүмкін.

Бүкіл әлемдегі ГН және ТШЖА-ның көпшілігі ауыл шаруашылығы өнімдерін, азық-түлік өнімдерін, шараптарды және күшті спирттік ішімдіктерді дараландыру құралы ретінде қолданылады. Бұл ауылшаруашылық өнімдерінің, әдетте, өндіріс орны мен нақты жергілікті географиялық факторларға (климат, ауа температурасы, топырақ ерекшеліктері) байланысты қасиеттерге ие болуына байланысты. Мысалы, «Боржоми», «Тула зімбірі», «Адыгей ірімшігі», «Башқұрт балы» және т. б.

ГН және ТШЖА сонымен қатар өнімнің пайда болу орнына тән адами факторлармен байланысты нақты қасиеттерін, мысалы, өндіріс тәжірибесі, дағдылары мен дәстүрлерін баса көрсете алады. Бұл әдетте жергілікті табиғи ресурстарды және сақталған дәстүрлі әдістерді қолдана отырып қолмен жасалатын қолөнерге тән. Мысалы, Дамаск болаты, швейцариялық сағаттар, чех әйнегі, қытай фарфоры, француз шараптары және т. б.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы ұлттық заңнамаға сәйкес құқықтық қорғау тек ТШЖА-ға ғана беріледі.

Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне шығарылған елде қорғалатын географиялық нұсқамалар (ҚР шегінен тыс жерлерде болатын географиялық нұсқаулар) енгізіледі. Бұл ретте отандық тауар өндірушілер аталған тізілімге ТШЖА ғана енгізе алады. Осылайша, отандық тауар өндірушілер үшін құқықтарды іске асыруда шектеулер бар.

Қолданыстағы заңнама шетелдік өтініш берушілерге екі нысанды да қолдануға мүмкіндік береді, ал ұлттық өтініш берушілер тек тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғай алады.

Бүгінгі күні ТШЖА мемлекеттік тізіліміне 53 енгізілді, оның ішінде ұлттық ТШЖА – 16, шетелдік – 37.

ТШЖА-ны тіркеудің төмен сандық көрсеткіштері ТШЖА-ны тіркеудің күрделілігімен байланысты, өйткені ТШЖА үшін шикізатты пайдалануды, қайта өңдеуді және дайындауды қоса алғанда, тауар өндірудің барлық кезеңдері мәлімделген жерде (шикізат пен өндірістің өзі осы жермен байланысты) өтуге тиіс. Мысалы, бұл «Рудный таңы», «Шұбаркөл көмірі», «Көкшетау балмұздағы» және т.б. нысандар.

ГН тіркеу үшін тауар өндірісінің кем дегенде бір кезеңі ГН ретінде тіркеуге мәлімделген жерде жүзеге асырылуы жеткілікті. Яғни, өнімді дайындау үшін шикізат шетелден әкелінеді, ал тауардың өзі Қазақстанда өндіріледі. «Ленгер балмұздағы», «Қазалы кәмпиттері», «Қазақстандық шоколад», «Қазақстандық коньяк», «Шымкент сырасы» және т.б.

Қазақстан заңнамасына ГН ұғымын енгізу халықаралық практикаға сәйкес келеді, сондай-ақ отандық кәсіпкерлер мен шетелдік кәсіпкерлер үшін тең жағдайлар жасау арқылы ұлттық тауар өндірушілердің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл ұлттық брендтерді шетелдік нарықтарға жылжытуға ықпал етеді.

3) тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерге қатысты қысқа мерзімді қорғауды енгізу (Қазақстан аумағында айналымға енгізілген күннен бастап 3 жылдан аспайтын) құқық иеленушілерді бірегей бұйымдардың сыртқы түрін тікелей көшіруден қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік үлгі – бұл бұйымның сыртқы түрін анықтайтын көркем немесе көркем дизайн шешімі.

Өнеркәсіптік үлгілер өнеркәсіптік және қолөнер өндірісі мен сән индустриясының кең ассортиментін қорғау үшін зергерлік бұйымдар мен ас үй ыдыстары, ойыншықтар, жиһаз, техникалық және медициналық жабдықтар, тұрмыстық электр аспаптары, көлік құралдары (мысалы, автомобильдің пішіні мен түсі, оның рулінің немесе фарасының дизайнерлік шешімі), спорт жабдықтары, сәулет нысандары, сәндік тұсқағаздардағы, маталардағы, кілемдердегі суреттер, басқа да сәнді заттар қолданылады. Өнеркәсіптік үлгі сондай-ақ өнімнің қаптамасының, сыйымдылығының және сыртқы безендірілуінің түрін айқындайды.

Жаңалық пен түпнұсқалық талаптарына сәйкес келетін өнеркәсіптік үлгі өнеркәсіптік үлгі Қазақстанда алғаш рет жарияланған (ашылған) күннен бастап үш жылға тең кезең ішінде қорғау құжаты тіркелмей және берілмей қорғалуы мүмкін.

Өнеркәсіптік үлгі, егер ол жарияланса, көрмеге қойылса, саудада пайдаланылса немесе кез келген өзге түрде ашылса, соның нәтижесінде ол өнеркәсіптің белгілі бір секторында маманданатын топтарға белгілі болса, жария етілді деп есептеледі.

Мұндай жүйе тез өзгеретін аналогтар нарығы үшін ыңғайлы. Мысалы, аяқ киім немесе киім, автомобильдер, жиһаз, аксессуарлар, аксессуарлар дизайны.

Бұл өзгеріс дизайнерлерге ұзақ мерзімді қорғау үшін өз объектісін тіркеуді немесе оны қысқа мерзімді қорғау үшін жариялауды таңдауға мүмкіндік береді.

Жалпы, бұл түзету 2015 жылғы 21 желтоқсандағы Еуропалық одақпен кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім (2016 жылғы 25 наурызда ратификацияланған) шеңберінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес келеді.

Тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілердің құқықтарын қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік үлгілерді қорғаудың ең ұзақ мерзімі базалық қорғау мерзімін 10 жылға дейін қысқарта отырып, 25 жылға дейін ұлғайтылады (мерзім әрбір 5 жыл сайын ұзартылатын болады, бірақ, жалпы алғанда, 25 жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады).

Өнеркәсіптік үлгіні қорғаудың бұрынғы мерзімі келесі 5 жылға (барлығы 20 жылға) ұзарту мүмкіндігімен 15 жылды құрады.

Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімнің 26-бабына сәйкес, өнеркәсіптік үлгінің қолданылу мерзімі кемінде 10 жылды құрайды.

1999 жылғы 2 шілдедегі Өнеркәсіптік үлгілерді халықаралық тіркеу туралы Гаага келісімінің Женева актісінің 17-бабына сәйкес, халықаралық тіркеу бастапқыда халықаралық тіркеу күнінен бастап есептегенде бес жылға жүргізіледі.

Халықаралық тіркеу ұйғарылған рәсімге сәйкес және ұйғарылған баждарды төлеу шартымен әрқайсысы бес жылдан бастап қосымша кезеңдерге ұзартылуы мүмкін.

Халықаралық тіркеу ұзартылған жағдайда және (b) тармағын ескере отырып, аталған Уағдаласушы тараптардың әрқайсысында қорғау мерзімі халықаралық тіркелген күннен бастап есептегенде 15 жылды құрайды.

1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманың 8-бабында (2020 жылғы 23 қарашадағы N 377-VI ҚР Заңымен ратификацияланған) өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық патенттің қолданылу мерзімі өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық патент беруге өтінім берілген күннен бастап бес жылды құрайды деп көзделген.

Өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық патенттің қолданылу мерзімі патент қолданылатын барлық Уағдаласушы мемлекеттердің аумағына қатысты өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық патент иесінің өтінішхаты бойынша әр ретте бес жылға ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық патенттің жалпы қолданылу мерзімі өнеркәсіптік үлгіге еуразиялық өтінім берілген күннен бастап жиырма бес жылдан аспауға тиіс.

Заңмен патенттің алғашқы қолданылу мерзімі келесі бес жылға ұзарту мүмкіндігімен 15 жылдан 10 жылға дейін қысқартылды, жалпы қорғау мерзімі 25 жылдан аспайды.

Патенттің бастапқы қолданылу мерзімін 10 жылға қысқарту жоғарыда көрсетілген халықаралық келісімдермен келісіледі және дизайнның жедел дамуының қалыптасқан үрдісі және тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілерді енгізу тұрғысынан өзекті болып табылады.

4) «оппозициялық» жүйе деп аталатын тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге өтінімдер беру сатысында қарсылықтар беру көптеген озық елдердің тәжірибесіне сәйкес келеді.

Енгізілген «оппозициялық» жүйенің мақсаты – өтініш берушіні үшінші тұлғалармен ықтимал даулар туралы хабардар ету.

Бұл жүйе мүдделі тұлғаларға өтінімді қарау сатысында тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауар шығарылған жерлердің атауларын тіркеуге қарсылықтарын жіберуге мүмкіндік береді.

Қандай да бір тауар белгісін, тауар шығарылған жерлердің географиялық нұсқауын және атауын тіркеумен келіспеген кез келген адам қарсылықты патенттік ведомствоға жібере алады және қарсылық назарға алынуға тиіс.

Қарсылықтарды жібере алатын адамдар тобы шектеусіз. Бұл ұқсас тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауарлар шығарылған жерлердің атауларының иелері немесе оларды тіркеу құқықты бұзады деп санайтын компаниялар болуы мүмкін.

Әлемдік тәжірибеде «оппозициялық» жүйе өте кең таралған. Түзетулерді әзірлеу кезінде Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (ДЗМҰ) ұсынымдары, сондай-ақ Еуропалық одақ елдері, Ұлыбритания, Корея, АҚШ ведомстволарының тәжірибесі ескерілді.

Барлық қатысушылар үшін мұндай жүйенің артықшылығы тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалары және тауар шығарылған жерлер атауларының сенімділігі болып табылады. Яғни, жаңа жүйе бойынша тіркелетін нысандар шағымдануға аз болады.

Екіншіден, компаниялар жосықсыз бәсекелестердің әрекеттеріне жедел жауап бере алады. Егер біреу біреудің сауда маркасын тіркеуге тырысса, құқық иесі оны апелляциялық кеңесті немесе сотты күтпестен ертерек тоқтата алады.

Осы өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 20 маусымдағы ҚР заңына сәйкес енгізілген, іске асырылған түзетулерден кейінгі келесі қадам болып табылады және объектіні тиісті мемлекеттік тізілімге енгізгеннен кейін туындайтын осы объектілерді тіркеуге байланысты даулар санын азайтуға ықпал ететін болады.

5) патенттік сенім білдірілген өкілдер бөлігінде түзетулер қойылатын біліктілік талаптарын, патенттік сенім білдірілген өкілдің құқықтарын нақтылауға және оны тізілімнен алып тастау рәсіміне бағытталған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда патенттік сенім білдірілген өкілдердің үш қоғамдық бірлестігі тіркелген және жұмыс істейді:

1. «Қазақстан Республикасының Патенттік сенімді өкілдері қауымдастығы» ҚБ;

2. «Патенттік сенім білдірілген өкілдер одағы» РҚБ;;

3. «Қазақстан Республикасының Патенттік сенімді өкілдер палатасы» ҚБ.

Қазақстан бойынша барлығы 170 аттестатталған патенттік сенім білдірілген өкілдер бар, ал кейбір патенттік сенім білдірілген өкілдер елден кетті, кейбіреулері қайтыс болды, басқалары кәсіби қызмет саласын ауыстырды немесе зейнетке шықты.

Патенттік сенім білдірілген өкілдер қазірдің өзінде жоғарыда аталған бірлестіктерде ерікті негізде тұрады.

Заңда зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласында кемінде төрт жыл жұмыс тәжірибесі бар немесе кемінде бір жыл патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында тағылымдамадан өткен кандидаттар жіберіледі.

Зияткерлік меншік саласында төрт жылдық жұмыс өтілін енгізу немесе кемінде бір жыл тағылымдамадан өту көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген түзетулер патенттік сенім білдірілген өкілдер институтын одан әрі дамыту, оның ішінде олардың санын ұлғайту, олардың арасындағы бәсекелестікті арттыру жолымен дамыту үшін енгізілді, бұл оларға әлеуетті авторлар, құқық иеленушілер, тапсырыс берушілер үшін өз қызметтерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Тәжірибені талдау, авторлар мен құқық иеленушілердің шағымдары ұйымдардың міндеттерін нақтылауды қажет етті. Түзетулер жеті мыңға жуық қазақстандық авторлар мен құқық иеленушілердің тиесілі сыйақы алуға үмітті екенін көрсетеді және ұжымдық ұйымдармен олардың құқықтарын бұзуын болдырмауға бағытталған.

Өркен ЖОЛДЫБАЕВ
Түркістан облысы
Әділет департаментінің
зияткерлік меншік құқығы
бөлімінің басшысы

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КҮЙІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Еск.	**31 желтоқсан 2021 жыл**	31 желтоқсан 2020 жыл* (қайта саналды)	31 желтоқсан 2019 жыл* (қайта саналды)
АКТИВТЕР:				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	5,404,342	3,893,932	3,549,412
Банктердегі қаражаттар	6	–	250,048	4,028,747
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	7	25,889,358	15,116,513	10,185,560
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер	8	12,319	43,014	47,605
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	9	535,997	414,781	709,750
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының резерві, қайта сақтандырушының үлесі	10	248,865	237,804	302,887
Сақтандыру талаптарын реттеу үшін шығындар мен залалдар резерві, қайта сақтандырушының үлесі	11	1,790,550	3,974,751	277,743
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		248,682	163,333	144,470
Негізгі қаражаттар	12	784,707	887,232	799,330
Кейінге қалдырылған салық активтері	13	1,770	–	27,757
Басқа да активтер	14	519,696	425,866	352,134
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		**35,436,286**	**25,407,274**	**20,425,395**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ				
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	15	340,161	632,702	420,875
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының резерві	10	6,980,747	5,418,562	4,478,234
Сақтандыру талаптарын реттеу бойынша залалдар мен шығындар бойынша резервтер	11	6,349,199	7,678,286	4,268,352
Тікелей репо келісімдері бойынша несиелер	16	6,869,745	388,393	1,836,008
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	13	54,811	23,764	–
Басқа да міндеттемелер	17	621,608	473,698	791,573
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		**21,216,271**	**14,615,405**	**11,795,042**
КАПИТАЛ:				
Жарғылық капитал:	18	300,000	300,000	300,000
Мүлікті қайта бағалау қоры		578,410	618,979	513,377
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау қоры		–	(430)	(1,214)
Тұрақтандырушылық резерв	19	149,353	8,426	385
Басқа да резервтер		33,315	20,684	15,000
Бөлінбеген пайда		13,158,937	9,844,210	7,802,805
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		**14,220,015**	**10,791,869**	**8,630,353**
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ		**35,436,286**	**25,407,274**	**20,425,395**

*Осы бағандағы кейбір мәндер қайта жіктеулер мен түзетулерге байланысты 2020 жылғы қаржылық есептіліктегі мәндерге сәйкес келмейді

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНҒАН ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Еск.	**2021 жыл**	2020 жыл* (қайта саналды)
Сақтандыру сыйлықақылары, жалмы сомасы	20	14,993,029	10,601,032
Қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақылары	20	(917,826)	(1,294,065)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды шегергендегі сақтандыру сыйлықақылары		**14,075,203**	**9,306,967**
Аққұла сақтандыру сыйлықақылары резервіндегі өзгертулер, таза	20	(1,551,124)	(1,005,411)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды шегергендегі еңбекпен табылған сыйлықақылар		**12,524,079**	**8,301,556**
Шағымдарды реттеу бойынша төленген залалдар мен шығындар, жалпы сомасы	11, 21	(4,665,974)	(3,920,891)
Төленген шығындар, қайта сақтандырушының үлесі	11, 21	129,252	98,230
Сақтандыру талаптарын реттеу үшін залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс, жалпы сомасы	21	1,329,085	(3,409,934)
Сақтандыру талаптарын реттеу үшін залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс, қайта сақтандырушының үлесі	21	(2,184,200)	3,697,008
Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі келтірілген залалдар		**(5,391,837)**	**(3,535,587)**
Комиссиялық табыстар	22	82,509	127,527
Комиссиялық шығындар	22	(2,929,540)	(2,154,609)
Комиссиялық шығындар, нетто		**(2,847,031)**	**(2,027,082)**
Инвестициялық табыс	23	3,833,322	1,701,696
Шетел валютамен операциялар бойынша таза табыс	25	203,771	563,621
Негізгі құралдарды шығарудан және материалдық емес активтерді есептен шығарудан таза залал		(20,981)	(7,933)
Басқа операциялық шығындар, нетто		(46,876)	(45,118)
Басқа да табыстар		**3,969,236**	**2,212,266**
Жалақылар және басқа да төлемдер	24	(3,545,329)	(1,999,957)
Әкімшілік және операциялық шығындар	24	(1,020,769)	(717,236)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар		(59,144)	(50,558)
Амортизация және тозу		(96,830)	(98,688)
Операциялық шығындар		**(4,722,072)**	**(2,866,439)**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда		**3,532,375**	**2,084,714**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	13	(144,279)	(29,584)
Таза пайда		**3,388,096**	**2,055,130**
Салықты шегергендегі басқа да жиынтық табыс:			
Кейіннен пайда немесе залалдар құрамына жіктелмейтін тараулар Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түскен таза табыс (салық әсерін шегергенде -9 905 мың теңге (2020 жыл: 26,400 мың теңге))		39,620	105,602
Кейіннен пайда немесе залалға қайта жіктелуі мүмкін тараулар			
Сату үшін қолда бар қаржылық активтердің әділ құнының таза өзгерісі (салық әсерін шегергенде – нөл)		430	784
Корпоративтік табыс салығынан кейінгі басқа да жиынтық табыс		**40,050**	**106,386**
Барлығы жиынтық табыс		**3,428,146**	**2,161,516**
Акция үшін пайда: Негізгі және бытыраңқы (теңгемен)	18	**27,680.52**	16,790.28

* Осы бағандағы кейбір мәндер қайта жіктеулер мен түзетулерге байланысты 2020 жылғы қаржылық есептіліктегі мәндерге сәйкес келмейді

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Жарғылық капитал:	Мүлікті қайта бағалау қоры	Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау қоры	Тұрақтан-дырушылық резерв	Басқа да резервтер	Бөлін-беген пайда	Барлығы
2019 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептеуге дейін)	**300,000**	**513,377**	**(1,214)**	**385**	**15,000**	**8,522,237**	**9,349,785**
Түзету	–	–	–	–	–	(719,432)	(719,432)
2019 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелген)	**300,000**	**513,377**	**(1,214)**	**385**	**15,000**	**7,802,805**	**8,630,353**
Басқа жиынтық табыс	–	*105,602*	*784*	–	–	-	*106,386*
Таза пайда (қайта есептелген)	–	–	–	–	–	*2,055,130*	*2,055,130*
Барлығы жыл бойынша жиынтық табыс	–	105,602	784	–	–	2,055,130	2,161,516
Тұрақтандырушылық резервтегі өзгерістер	–	–	–	8,041	–	(8,041)	–
Басқа резервтердегі өзгерістер	–	–	–	–	5,684	(5,684)	–
2020 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелген)	**300,000**	**618,979**	**(430)**	**8,426**	**20,684**	**9,844,210**	**10,791,869**
Басқа да жиынтық табыс (залал)	–	*39,620*	*430*	–	–	-	*40,050*
Таза пайда	–	-	-	–	–	*3,388,096*	*3,388,096*
Барлығы жыл бойынша жиынтық табыс	–	39,620	430	–	–	3,388,096	3,428,146
Негізгі құралдардың есептен шығарылуы	–	(80,189)	–	–	–	80,189	–
Тұрақтандырушылық резервтегі өзгерістер	–	–	–	140,927	–	(140,927)	–
Басқа резервтердегі өзгерістер	–	–	–	-	12,631	(12,631)	–
2021 жылдың 31 желтоқсанына	**300,000**	**578,410**	–	**149,353**	**33,315**	**13,158,937**	**14,220,015**

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Еск.	**2021 жыл**	2020 жыл (қайта есептелген)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛҒАН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда		3,532,375	2,084,714
Түзетулер:			
Аққұла сақтандыру сыйлықақы резервтеріндегі өзгеріс	20	1,551,124	1,005,411
Қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, сақтандыру талаптарын реттеуге залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс	21	855,115	(287,074)
Тозу және амортизация		96,830	98,688
Негізгі құралдарды шығару және материалдық емес активтерді есептен шығару кезіндегі таза іске асырылған залал		106,847	12,235
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді қайта бағалаудан іске асырылмаған (пайда)/залал	23	(1,848,664)	419,947
Шетел валютасымен операциялардан таза іске асырылмаған табыс		(203,771)	(563,621)
Құнсыздану бойынша резервті қалыптастыру	9	(20,439)	(15,716)
Жалдау бойынша есептелген пайыздық шығындардың өзгеруі	17	72,946	(37,310)
Есептелген пайыздағы таза өзгеріс		(475,563)	(22,638)
Жалдау бойынша пайыздық шығындар	23	13,007	8,020
Тікелей репо келісімдері бойынша пайыздық шығындардың өзгеруі	23	234,609	91,703
Басқа да түзетулер		5,604	26,556
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері		**3,920,020**	**2,820,915**
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі:			
Аквизициялық шығындардың өзгеруі		78,556	(83,773)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің өзгеруі		(100,095)	309,112
Басқа да активтердегі өзгерістер		(189,423)	45,079
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің өзгеруі		(289,208)	297,797
Тікелей репо келісімдері бойынша алынған несиелердің өзгеруі		6,238,393	(1,285,895)
Болашақ кезеңдердегі табыстардағы өзгеріс		(22,731)	(285,661)
Басқа міндеттемелердегі өзгеріс		111,668	42,509
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері		**9,747,180**	**1,860,083**
Корпоративтік табыс салығы төленген		(199,618)	(23,326)
Алынған пайыздар		1,141,424	1,274,510
Төленген пайыздар		(254,027)	(105,319)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша түсімдері		**10,434,959**	**3,005,948**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Негізгі құралдарды сатып алу	12	(33,456)	(39,770)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(5,238)	(54,514)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді сатып алу		(16,568,157)	(17,548,446)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді сатудан түсетін түсімдер		7,493,047	11,320,046
Банктерде орналастырылған қаражаттар		(1,902,132)	(3,778,699)
Банктерден қайтарылған қаражаттар		2,147,180	7,557,929
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағыны		**(8,868,756)**	**(2,543,454)**
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі соманы төлеу		(33,379)	(59,012)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза ағыны		**(33,379)**	(59,012)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсімі		1,532,824	403,482
Бағамдық айырмашылықтардың әсері		(22,414)	(58,962)
Кезең басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	5	3,893,932	**3,549,412**
Кезең соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	5	**5,404,342**	**3,893,932**

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ КҮЙІ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Еск.	**31 желтоқсан 2021 жыл**	31 желтоқсан 2020 жыл* (қайта саналды)	31 желтоқсан 2019 жыл* (қайта саналды)
АКТИВТЕР:				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	4	1,786,890	3,216,416	3,549,412
Банктердегі қаражаттар	5	–	250,048	228,747
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер	6	21,467,792	11,437,608	10,185,560
Сату үшін қолда бар қаржылық активтер	7	12,319	43,014	47,605
Еншілес ұйымға инвестициялар	8	3,800,000	3,800,000	3,800,000
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	9	523,179	412,054	709,750
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының резерві, қайта сақтандырушының үлесі	10	248,865	237,804	302,887
Сақтандыру талаптарын реттеу үшін шығындар мен залалдар резерві, қайта сақтандырушының үлесі	11	1,790,196	3,974,751	277,743
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		247,961	163,333	144,470
Негізгі қаражаттар	12	770,679	879,904	799,330
Кейінге қалдырылған салық активтері	13	–	–	27,757
Басқа да активтер	14	425,183	308,337	352,134
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		**31,073,064**	**24,723,269**	**20,425,395**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ				
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек және алынған аванстар	15	310,006	623,242	420,875
Аққұла сақтандыру сыйлықақыларының резерві	10	6,706,711	5,268,124	4,478,234
Сақтандыру талаптарын реттеу бойынша залалдар мен шығындар бойынша резервтер	11	4,711,408	7,659,563	4,268,352
Тікелей репо келісімдері бойынша несиелер	16	4,994,798	368,349	1,836,008
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	13	54,811	5,590	–
Басқа да міндеттемелер	17	569,069	452,776	791,573
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		**17,346,803**	**14,377,644**	**11,795,042**
КАПИТАЛ:				
Жарғылық капитал:	18	300,000	300,000	300,000
Мүлікті қайта бағалау қоры		578,410	618,979	513,377
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау қоры		–	(430)	(1,214)
Тұрақтандырушылық резерв	19	149,353	8,426	385
Басқа да резервтер		15,000	15,000	15,000
Бөлінбеген пайда		12,683,498	9,403,650	7,802,805
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		**13,726,261**	**10,345,625**	**8,630,353**
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ		**31,073,064**	**24,723,269**	**20,425,395**

*Осы бағандағы кейбір мәндер қайта жіктеулер мен түзетулерге байланысты 2020 жылғы қаржылық есептіліктегі мәндерге сәйкес келмейді

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛДАР ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Еск.	**2021 жыл**	2020 жыл* (қайта саналды)
Сақтандыру сыйлықақылары, жалмы сомасы	20	12,727,626	10,385,857
Қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақылары	20	(917,472)	(1,294,065)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды шегергендегі сақтандыру сыйлықақылары		**11,810,154**	**9,091,792**
Аққұла сақтандыру сыйлықақылары резервіндегі өзгертулер, таза	20	(1,427,526)	(854,973)
Қайта сақтандыруға тапсырылғандарды шегергендегі еңбекпен табылған сыйлықақылар		**10,382,628**	**8,236,819**
Шағымдарды реттеу бойынша төленген залалдар мен шығындар, жалпы сомасы	11, 21	(4,634,873)	(3,911,721)
Төленген шығындар, қайта сақтандырушының үлесі	11, 21	129,252	98,230
Сақтандыру талаптарын реттеу үшін залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс, жалпы сомасы	21	2,948,154	(3,391,211)
Сақтандыру талаптарын реттеу үшін залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс, қайта сақтандырушының үлесі	21	(2,184,554)	3,697,008
Қайта сақтандыруға берілгендерді шегергендегі келтірілген залалдар		**(3,742,021)**	**(3,507,694)**
Комиссиялық табыстар	22	82,509	127,527
Комиссиялық шығындар	22	(2,680,565)	(2,122,674)
Комиссиялық шығындар, нетто		**(2,598,056)**	**(1,995,147)**
Инвестициялық кіріс, нетто	23	3,206,074	1,291,516
Шетел валютамен операциялар бойынша таза табыс	25	158,904	365,840
Негізгі құралдарды шығарудан және материалдық емес активтерді есептен шығарудан таза залал		(20,981)	(7,933)
Басқа операциялық шығындар, нетто		(28,665)	(36,528)
Басқа да табыстар		**3,315,332**	**1,612,895**
Жалақылар және басқа да төлемдер	24	(2,779,783)	(1,930,416)
Әкімшілік және операциялық шығындар	24	(952,183)	(664,365)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар		(59,036)	(42,905)
Амортизация және тозу		(86,667)	(93,354)
Операциялық шығындар		**(3,877,669)**	**(2,731,040)**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда		**3,480,214**	**1,615,833**
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	13	(139,628)	(6,947)
Таза пайда		**3,340,586**	**1,608,886**
Салықты шегергендегі басқа да жиынтық табыс:			
Кейіннен пайда немесе залалдар құрамына жіктелмейтін тараулар Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түскен таза табыс (салық әсерін шегергенде – 9,905 мың теңге (2020 жыл: 26,400 мың теңге))		39,620	105,602
Кейіннен пайда немесе залалға қайта жіктелуі мүмкін тараулар			
Сату үшін қолда бар қаржылық активтердің әділ құнының таза өзгерісі (салық әсерін шегергенде – нөл)		430	784
Басқа жиынтық табыс		**40,050**	**106,386**
Барлығы жиынтық табыс		**3,380,636**	**1,715,272**
Жай акцияға пайда: негізгі және бытыраңқы (теңгемен)	18	**27,292.37**	13,144.49

* Осы бағандағы кейбір мәндер қайта жіктеулер мен түзетулерге байланысты 2020 жылғы қаржылық есептіліктегі мәндерге сәйкес келмейді.

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Жарғылық капитал:	Мүлікті қайта бағалау қоры	Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау қоры	Тұрақтан дырушылық резерв	Басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2019 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептеуге дейін)	**300,000**	**513,377**	**(1,214)**	**385**	**15,000**	**8,522,237**	**9,349,785**
Түзету	–	–	–	–	–	(719,432)	(719,432)
2019 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелген)	**300,000**	**513,377**	**(1,214)**	**385**	**15,000**	**7,802,805**	**8,630,353**
Басқа жиынтық табыс	–	*105,602*	*784*	–	–	-	*106,386*
Таза пайда (қайта есептелген)	–	–	–	–	–	*1,608,886*	*1,608,886*
Барлығы жыл бойынша жиынтық табыс	–	105,602	784	–	–	1,608,886	1,715,272
Тұрақтандырушылық резервтегі өзгерістер	–	–	–	8,041	–	(8,041)	–
2020 жылдың 31 желтоқсанында (қайта саналды)	**300,000**	**618,979**	**(430)**	**8,426**	**15,000**	**9,403,650**	**10,345,625**
Басқа жиынтық табыс	–	*39,620*	*430*	–	–	–	*40,050*
Таза пайда	–	–	–	–	–	*3,340,586*	*3,340,586*
Барлығы жыл бойынша жиынтық табыс	–	39,620	430	–	–	3,340,586	3,380,636
Негізгі құралдардың есептен шығарылуы	–	(80,189)	–	–	–	80,189	–
Тұрақтандырушылық резервтегі өзгерістер	–	–	–	140,927	–	(140,927)	–
2021 жылдың 31 желтоқсанына	**300,000**	**578,410**	–	**149,353**	**15,000**	**12,683,498**	**13,726,261**

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ 2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕПТІЛІК

Мың теңгеде	Еск.	2021 жыл	2020 жыл (қайта есептелген)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛҒАН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда		3,480,214	1,615,833
Түзетулер:			
Аққұла сақтандыру сыйлықақы резервтеріндегі өзгеріс	20	1,427,526	854,973
Қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, сақтандыру талаптарын реттеуге залалдар мен шығындар бойынша резервтердегі өзгеріс	21	(763,600)	(305,797)
Тозу және амортизация		86,667	93,354
Негізгі құралдарды шығарудан және материалдық емес активтерді есептен шығарудан таза сатылған залал/(пайда)		106,847	(4,681)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді қайта бағалаудан жүзеге асырылмаған (пайда)/залал	23	(1,726,865)	484,719
Шетел валютасымен операциялардан таза іске асырылмаған табыс		(158,904)	(216,102)
Құнсыздану бойынша резервті қалыптастыру	9	(23,143)	(15,716)
Пайдаланылмаған демалыстар мен жыл сайынғы сыйақылар бойынша резервтің өзгеруі	17	64,486	(41,088)
Бағалы қағаздар бойынша есептелген пайыздық табыстардағы таза өзгеріс		(85,205)	(22,638)
Жалдау бойынша есептелген пайыздық шығындардың өзгеруі	23	13,007	8,020
Тікелей репо келісімдері бойынша пайыздық шығындардың өзгеруі	23	234,609	91,704
Басқа да түзетулер		34,417	(744)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері		**2,690,056**	**2,541,837**
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі:			
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің өзгеруі		(87,945)	311,839
Басқа да активтердегі өзгерістер		(137,144)	46,260
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек пен алынған аванстардағы өзгерістер		(309,903)	288,337
Тікелей репо келісімдері бойынша алынған несиелердің өзгеруі		4,393,737	(1,463,176)
Болашақ кезеңдердегі табыстардағы өзгеріс		(22,731)	(285,661)
Басқа міндеттемелердегі өзгеріс		92,283	20,153
Корпоративтік табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері		**6,618,353**	**1,459,589**
Корпоративтік табыс салығы төленген		(175,023)	(18,863)
Алынған пайыздар		703,006	964,428
Төленген пайыздар		(222,182)	(96,187)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша түсімдері		**6,924,154**	**2,308,967**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Негізгі құралдарды сатып алу	12	(24,746)	(30,995)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(3,247)	(18,768)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді сатып алу		(9,903,281)	(11,056,729)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтерді сатудан түсетін түсімдер		1,370,760	8,542,373
Банктерде орналастырылған қаражаттар		(1,902,132)	(2,281,602)
Банктерден қайтарылған қаражаттар		2,147,180	2,260,832
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағыны		**(8,315,466)**	**(2,584,889)**
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі соманы төлеу		(32,769)	(9,066)
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза ағыны		**(32,769)**	**(9,066)**
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза төмендеуі		(1,424,081)	(284,988)
Бағамдық айырмашылықтардың әсері		(5,445)	(48,008)
Кезең басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	4	3,216,416	3,549,412
Кезең соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	4	**1,786,890**	**3,216,416**

Басқарма төрағасы Ханин О.А. Бас бухгалтер Алькенова Ж.М.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН қаржылық есептілікке ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА ХАТ

«Коммеск-Өмір» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1991 жылдың 19 қарашасында Қазақстан Республикасында құрылды.

Компанияның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ», бұрын Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша Қазақстан Республикасының агенттігі ретінде мәлім болған) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау бойынша Қазақстан Республикасының комитеті берген, 2011 жылдың 30 желтоқсанындағы № 2.1.1 жалпы сақтандыру саласындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар.

Компания мүлікті сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, жеке сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша түрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

Компанияның тіркелген кеңсесі келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның акционерлері болып табылады: «Сентрас Капитал» ЖШС - 81,80%, «Сентрас Иншуранс» АҚ – 6,0%, басқалары (иелену үлесі 5%-дан кем) – 12,20%. 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша Компанияның түпкі бақылау тұлғасы Қазақстан Республикасының азаматы Абдразаков Е.С. мырза болып табылады.

2019 жыл ішінде Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес ұйымын (бұдан әрі - Еншілес ұйым) құрды. Еншілес ұйым Қазақстан Республикасының аумағында өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асырады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Сентрас Kommesk Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 3 800 000 мың теңге сомасындағы 100% жай акцияларының үлесіне иелік етеді, олар жеке қаржылық есептілікте бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Еншілес компания сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылатын өмірді сақтандыру бойынша әртүрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

2022 жылғы 1 сәуірде A.M.Best халықаралық рейтингтік агенттігі «Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ рейтингтерін растады: қаржылық тұрақтылық рейтингі «B-» және ұзақ мерзімді эмитенттің несиелік рейтингі «bb-». Рейтинг болжамы «тұрақты».

2017 жылдың мамырында ХҚЕС бойынша Кеңес ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттарын» шығарды, бұл тану мен бағалау, ақпаратты ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттарына арналған кешенді жаңа қаржылық есептілік стандарты. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енген кезде ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» алмастырады.

17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан, сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне және дискрециялық қатысу шарттарымен кейбір кепілдіктер мен қаржылық құралдарға қолданылады. Стандарттың қолданылу аясында бірнеше ерекшеліктер бар. 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарының сипаттамалары бар банк өнімдер үшін есепке алудың жаңа талаптарын енгізеді, бұл қандай құралдардың немесе олардың құрамдастарының 9 ХҚЕС (IFRS) немесе 17 ХҚЕС (IFRS) қолдану аясына кіретінін анықтауға әсер етуі мүмкін.

Компания басшылығы өтеу мерзімі 12 ай немесе одан аз келісімшарттарға қолданылуы мүмкін немесе мұндай оңайлату жалпы үлгіні қолдану арқылы алынған бағалаудан айтарлықтай ерекшеленбейтін қалған өтеу бойынша міндеттемені бағалуға әкелетін қысқа мерзімді келісімшарттар үшін жеңілдетілген тәсілді (немесе сыйлықақыны бөлуді) қолдануды күтеді. Оңайлату болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнына бөлуді (Present value of future cashflows), шарт бойынша қызмет көрсету тәуекелін және маржасын түзетуді (Contract service margin) талап етпейтін, керісінше сатып алудан алынған амортизацияланбаған ақша ағындары мен еңбек етіп алынған сыйлықақыны шегеріп тастаумен, алынған сыйлықақыға негізделетін қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемені өлшеуге қолданылады. Шығындар бойынша міндеттемелер барлық келтірілген шығындар дисконттау мен тәуекелді түзетуге жататын жалпы үлгіге сәйкес өлшенетін болады.

Компания аквизициялық шығындарды есепке алу тәртібін оларды тану бөлігінде қайта қарады. Бұрын Компания кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар ретінде болашақ есепті кезеңдерге жататын және әрбір сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде қайта сақтандыруға қабылданған әрбір шарт бойынша аккұла сыйлықақылар резервінің есептелген сақтандыру сыйлықақыларымен қатынасындағы бірдей пропорцияда болатын аквизициялық шығындарының бір бөлігін мойындады.

2021 жылдың 1 қаңтарына дейін Компания өзіне қатысты сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі ішінде аквизициялық шығындарды амортизациялады. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Компания кейінге қалдырылған аквизициялық шығындарды есепке алу тәртібін шығындарға өзгертті, өйткені Компания жаңа есеп үлгісі оның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға неғұрлым маңыздырақ ақпарат береді деп есептейді, өйткені бұл оның Бас компания және онымен байланысты еншілес компанияларында қолданылатын тәжірибесіне көбірек сәйкес келеді. Сонымен қатар, есепке алудың жаңа үлгісі аквизициялық шығындардың сенімді бағалауын қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, Компания есеп саясатындағы бұл өзгерісті ретроспективті түрде қолданды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікке қайта есептеу мен қайта жіктеулердің әсері төменде келтірілген:

Мың теңгемен	2019 жылдың 31 қаңтары (қайта есептеуге және қайта жіктеуге дейін)	Аквизициялық шығындарды қайта есептеу	Қайта жіктеу	2019 жылдың 31 қаңтары (қайта есептеуден және қайта жіктеуден кейін)
АКТИВТЕР:				
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар	721,251	(719,432)	(1,819)	–
Материалдық емес активтер	146,124	–	(146,124)	–
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	13,205	–	(13,205)	–
Басқа да активтер	190,986	–	161,148	**352,134**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Болашақ кезеңдердің табыстары	309,777	–	(309,777)	–
Жалдау бойынша міндеттемелер	152,943	–	(152,943)	–
Басқа да міндеттемелер	328,853	–	462,720	**791,573**
КАПИТАЛ:				
Бөлінбеген пайда	8,522,237	(719,432)	–	**7,802,805**

Төменде 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікке қайта есептеулер мен қайта жіктеулердің әсері ұсынылған:

Мың теңгемен	2020 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есептеуге және қайта жіктеуге дейін)	Аквизициялық шығындарды қайта есептеу	Қайта жіктеу	2020 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есептеуден және қайта жіктеуден кейін)
АКТИВТЕР:				
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар	1,156,994	(1,063,615)	(93,379)	–
Материалдық емес активтер	175,087	–	(175,087)	–
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	11,620	–	(11,620)	–
Басқа да активтер	145,780	–	280,086	**425,866**
КАПИТАЛ:				
Бөлінбеген пайда	10,907,825	(1,063,615)	–	**9,844,210**

Мың теңгемен	2020 жыл (қайта есептеуге дейін)	Аквизициялық шығындарды қайта есептеу	**2020 жыл (қайта есептеуден кейін)**
Комиссиялық шығындар	(1,810,425)	(344,184)	**(2,154,609)**

2021 жылы дивидендтер жарияланған жоқ немесе төленген жоқ.

2021 жылдың 01 қаңтарының басындағы жағдай бойынша **АКТИВТЕР** 25 436 286 мың теңге құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер сомасы 35 436 286 мың теңгені құрады, бұл 10 029 012 мың теңгеге артық. Өзгеріс 39,47% құрады.

Жеке баптар кескінінде кезеңдегі активтердің өзгеруі (қорларды (провизияларды), теріс түзету шоттарын және есептелген амортизацияны ескере отырып) жиынтық мәндерін көрсете отырып, келесідей сипатталады:

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы **ақша қаражаттары және олардың баламалары** 5 404 342 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 3 893 932 мың теңгені құрады, ұлғаю 38,79% құрады; ақшалай қаражаттар кассадағы қолма-қол ақшаны, брокерлік шоттардағы, ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражатты, жолдағы ақшалай қаражатты және бір айға дейінгі мерзімде «РЕПО кері сатып алу» шарттарын қамтиды;

– 2021 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша **банктердегі қаражат** 250 048 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша олар жоқ;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілген қаржылық активтер** 15 116 513 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 25 889 358 мың теңге құрады, яғни 71,27%-ға ұлғайды; қаржылық активтер пайда мен залалдарды қайта бағалауды көрсетумен әділ құн бойынша көрсетіледі. Таза пайда немесе залалдар қаржылық актив бойынша алынған дивидендтер мен пайыздарды қамтиды және пайда мен залалдар туралы шоғырландырылған есепте және өзге де жиынтық кірісте көрсетіледі;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **сату үшін қолда бар қаржылық активтер** 43 014 мың теңгені құрады, ал 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 12 319 мың теңгені құрады, төмендеу 71,36- ды құрады; Ұйымдастырылған нарықтардағы акциялар мен мерзімді облигациялар «сату үшін қолда бар» ретінде жіктеледі және әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құнның өзгеруіне байланысты туындаған кірістер мен шығыстар, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірісті, тұрақты сипаттағы құнсыздану жағдайларын, пайдада немесе залалда танылған бағамдық айырма жағдайларын есептемегенде, инвестицияларды қайта бағалау қорының құрамында өзге де жиынтық кірісте танылады. Қаржылық активтің шығып кетуі немесе құнсыздануы жағдайында сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша қорда бұрын танылған жинақталған кірістер немесе шығыстар шығу немесе құнсыздану кезеңіндегі қаржылық нәтижелерге жатады;

– **сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 414 781 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 535 997 мың теңгені құрады, артуы 29,22 %- ды құрады; Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек тиісті кіріс табылған кезде танылады. Құнсыздану үшін сақтандыру бойынша дебиторлық берешегінің баланстық құнын шолу оқиғалар немесе жағдаяттар баланстық құнын өтеу мүмкін болмайтынын көрсеткен барлық жағдайларда қайта қаралады; және құнсыздануан болған залал пайда мен залалдар және басқа да жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетіледі. Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешекті тануды тоқтату қаржылық активтерді тануды тоқтату бойынша критерийлері орындалған кезде жүзеге асырылады;

– **аккұла сақтандыру сыйлықақыларының қорларындағы қайта сақтандырушының үлесі** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 237 804 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 248 865 мың теңгені құрады, жоғарылау 4,65%-ды құрады; Компания қалыпты қызмет барысында жалпы сақтандыру келісімшарттары бойынша қайта сақтандыру тәуекелін де өз мойнына алады. Қабылданған қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар мен залалдар қайта сақтандыру түрлеріне сәйкес сақтандыру бойынша кірістер мен шығындар сияқты кірістер мен шығындар ретінде танылады. Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер қайта сақтандырушылар алдындағы міндеттемелер болып табылады. Төленуге тиісті сомаларды бағалау қайта сақтандыру келісімшарттарына сәйкес жүргізіледі. Сыйлықақылар мен төлемдер тапсырылған қайта сақтандырулар үшін де, қабылданған қайта сақтандыру үшін де жалпы сома түрде ұсынылған. Қайта сақтандыру активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату келісімшарттық міндеттемелер орындаулған немесе оның қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе келісімшарт басқа тарапқа берілген кезде жүзеге асырылады;

– **сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша қорлардағы қайта сақтандырушының үлесі,** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 3 974 751 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 1 790 550 мың теңгені құрап, төмендеу 54,95% құрады. 2021 жылы Компания сақтандыру төлемінен сот тәртібімен бас тартуға байланысты сақтандыру төлемдерін реттеу бойынша залалдар мен шығындар резервін қысқартты. Көбінесе бұл өзгеріс бір сақтандыру шарты бойынша 2019 жылы жарияланған сақтандыру жағдайына қатысты. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша залалдың мүмкін болатын алдын ала сомасы 1,209,843 мың теңгеге бағаланды. 2021 жылы сақтандыру төлемінен бас тарту сот тәртібімен жарияланды. Сот актілеріне шағымданудың барлық іс жүргізу мерзімдері өтіп кеткен, соған байланысты резерв алынып тасталды;

– **ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 163 333 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 248 682 мың теңгені құрады, яғни 52,25 %-ға өсті;

– **негізгі құралдар** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 887 232 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 784 707 мың теңгені құрады, өсім 11,56 % құрады; Жер мен ғимараттар қайта бағалау сәтінде келесі жинақталған тозуды және құнсыздануан жинақталған залалдарды шегергендегі әділ құн болып табылатын қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі, жердің әдетте қызмет ету мерзімі шектелмеген және амортизацияға жатпайды. Қайта бағалау негізгі құралдардың баланстық құны есепті күнгі олардың әділ құнынан қатты ерекшеленбейтіндей етіп тұрақты түрде жүргізіледі. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттар мен құрылыстардың құнының кез келген ұлғаюы басқа жиынтық кіріске қосылады және бұрын залал ретінде көрсетілген сол активтер құнының алдыңғы төмендеуінен асып түсетін дәрежеде капиталға жинақталады. Алдыңғы төмендеу сомалары шегіндегі қайта бағалау қаржылық нәтижеге жатады. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттардың баланстық құнының төмендеуі осы активтің алдыңғы қайта бағалау нәтижесінде пайда болған қайта бағалау қорының қалдығынан асып түсу сомасындағы қаржылық нәтижеге де жатады. Қайта бағаланатын ғимараттар мен құрылыстардың тозуы бойынша шығындар пайда мен залалда көрсетіледі. Қайта бағаланатын ғимаратты кейін сату немесе есептен шығару кезінде негізгі құралдарды қайта бағалау қорының қалдығы бөлінбеген пайданың шотына тікелей жазылады. Көліктік және басқа да негізгі құралдар жинақталған тозумен және құнсыздануан жинақталған залалдарды шегергендегі бастапқы құн бойынша көрсетіледі;

2021 және 2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта кепілдік қамтамасыз ету ретінде берілген негізгі құралдар болған жоқ. Толық амортизацияланған негізгі құралдардың құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 124,967 мың теңгені құрайды (2020: 97,956 мың теңге). Егер Компанияның жері мен ғимараттары бастапқы құны бойынша бағаланса, олардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 67,760 мың теңгені құрайтын еді (2020 жылғы 31 желтоқсан: 69,801 мың теңге). Топ 2021 және 2020 жылдары тәуелсіз бағалау компаниясын тарта отырып, жер мен ғимараттарды қайта бағалауды жүргізді. Топ 50,431 мың теңге омасына (2020: 133,587 мың теңге сомасына табыс) қайта бағалаудан түскен пайданы мойындады.

ҚЕХС (IFRS) 16 қабылдағаннан кейін Топ жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттары үшін есеп пен бағалауды жүргізудің бірыңғай тәсілін қабылдады, тек басталу күніне жалдау мерзімі 12 ай және одан аз болатын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтымайтын жалдау шарттарын және негізгі активтің құны төмен (төмен құнды активтер) жалдау шарттарын тану бойынша жайттар.

Қаржылық жайғдай туралы шоғырландырылған есептілікте, жиынтық залал туралы жалпы есепте және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте танылған сомалар:

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы құқық түріндегі активтер – 66 709 мың теңге, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 53 772 мың теңге;

– 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі амортизация бойынша шығындар– 12 937 мың теңге;

– 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі пайыздық шығындар – 8 020 мың теңге;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша жалдау бойынша міндеттеме – 135 850 мың теңге, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 115 786 мың теңге.

– **материалдық емес активтер** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 175 087 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 151 947 мың теңгені құрады, төмендеу 13,22 %- ды құрады; Материалдық емес активтер бағдарламалық жасақтаманы қамтиды және жинақталған амортизация мен құнсыздануан болған жинақталған залалдарды шегергендегі өзіндік құн бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтердің амортизациясы тікелей әдіспен есептеледі және актив пайдалануға дайын болған сәттен басталады. Жеке қаржылық есептілікті дайындау мақсаттары үшін Топ 5 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімін пайдалана отырып, материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептейді, немесе лицензиялық шарттың немесе патенттің қолданылу мерзімі негізінде құжаттың негізінде есептейді. Пайдалы қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері, тарату құны және амортизацияны есептеу әдісі әр жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік 11 620 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 8 328 мың теңгені құрады, 28,33 %-ға төмендеді; Инвестициялық жылжымайтын мүлік – жалға алу, капиталдың өсу кезеңі немесе екі тәсілмен де пайдаланылатын объектілер (құрылыс сатысындағы мұндай объектілерді қоса алғанда) болып табылады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері бастапқыда сатып алу құны, оның ішінде сатып алуға кеткен шығындар бойынша есептеледі. Олар кейіннен әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгеруі пайдаға немесе залалдарға олар туындаған кезеңде енгізіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі ол шығып кеткен немесе пайдаланудан түпкі шығарылған кезде, онымен байланысты экономикалық пайда алу көзделмейтін кезде баланстан есептен шығарылады. Объектінің шығуынан болатын кез келген кіріс немесе залал (шығудан түскен таза табыстар пен активтің баланстық құны арасындағы айырма) есептен шығару кезеңі ішінде пайдаға немесе залалға қосылады.

– **кейінге қалдырылған салық активтері** 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 770 мың теңгені құрады;

– **өзге де активтер** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 239 159 мың теңгені құрады, 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 359 421 мың теңгені құрады, ұлғаю 50,29%-ды құрады.

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** 14 615 405 мың теңге құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша міндеттемелер сомасы 21 216 271 мың теңгені құрады, бұл 6 600 866 мың теңгеге артық. Өзгеріс 45,16% құрады.

Жеке баптар тұрғысынан кезең ішіндегі міндеттемелердің өзгеруі мынадай түрде, жалпы мәндерді көрсетумен сипатталады:

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша несиелік берешек** 632 702 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 340 161 мың теңгені құрап, 46,24 %- ға төмендеді;

– **аккұла сақтандыру сыйлықақыларының қоры** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 5 418 562 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 6 980 747 мың теңгені құрады, өсім 28,83%;

– **2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша** сақтандыру төлемдерін өтеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша резервтер 7 678 286 мың теңгені құрады, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сома 6 349 199 мың теңгені құрады, 17,31%-ға азайды. 2021 жылы Компания сақтандыру төлемінен сот тәртібімен бас тартуға байланысты сақтандыру төлемдерін реттеу бойынша залалдар мен шығындар резервін қысқартты. Көбінесе бұл өзгеріс бір сақтандыру шарты бойынша 2019 жылы жарияланған сақтандыру жағдайына қатысты. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша залалдың мүмкін болатын алдын ала сомасы 1,209,843 мың теңгеге бағаланды. 2021 жылы сақтандыру төлемінен бас тарту сот тәртібімен жарияланды. Сот актілеріне шағымданудың барлық іс жүргізу мерзімдері өтіп кеткен, соған байланысты резерв алынып тасталды;

– **тікелей РЕПО шарттары** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 388 393 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 6 869 745 мың теңгені құрады, ұлғаю 1 668,76%-ға құрады;

– 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша **кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер** 54 811 мың теңгені құрады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **болашақ кезеңдердің кірістері** 24 452 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 2 043 мың теңгені құрады, төмендеу 91,64% құрады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **жалдау бойынша міндеттемелер** 135 850 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 115 786 мың теңгені құрады, 14,77%-ға төмендеді;

– **өзге міндеттемелер** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 313 396 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 503 779 мың теңгені құрап, 60,75%- ға төмендеді.

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **КАПИТАЛ** 10 791 869 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша капитал сомасы 14 220 015 мың теңгені құрады, бұл 3 428 146 мың теңгеге артық. Өзгеріс 31,77% құрады.

Жекелеген баптар қимасында кезең ішіндегі капиталдың өзгеруі жалпы мәндерін көрсете отырып, төмендегідей сипатталады:

– **жарғылық капитал** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 300 000 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 300 000 мың теңгені құрады, бұл кезең ішінде өзгерістер болмады; 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығарылған жай акциялардың саны 230,000 құрады және олардың ішінде орналастырылған акциялардың саны 300 000 мың теңге номиналындағы 122,400 жай акция құрады. Әрбір жай акция даусыз құқық береді, және дивидендтерді бөлуде акциялар тең. 2021 және 2020 жылдар ішінде дивидендтер жарияланбаған және төленбеген;

– **мүлікті қайта бағалау қоры** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 618 979 мың теңгені құрады, 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 578 410 мың теңгені құрады, 6,55%-ға төмендеді;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау қоры** (430) мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанында ол жоқ;

– **тұрақтандыру қоры** 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 8 426 мың теңге құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 149 353 мың теңгені құрады, өсім 1 672,53%; Тұрақтандыру қоры бөлінбеген пайданы түзету арқылы капиталда танылады және сақтандыру ұйымының оның орташа мәнінен шығындылығын сипаттайтын коэффицент асып кеткен жағдайда болашақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру ұйымының міндеттемелерін бағалау болып табылады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **басқа қорлар** 20 684 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 33 315 мың теңгені құрап, 61,07%-ға өсті;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **бөлінбеген пайда** 9 844 210 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 13 158 937 мың теңгені құрап, 33,67%-ға ұлғайды.

Қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалды. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ төлем уақытына қарамастан оларды жасау фактісі бойынша оқиғаларды тануды көздейді. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар жататын кезеңдердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізіледі.

Сақтандыру қызметінен түскен кірістерге сақтандыру талаптарын реттеуге кеткен залалдар мен шығындар бойынша төленген залалдар мен қорларды, аккұла сыйлықақылар қорының таза өзгеруін, сондай-ақ аквизициялық шығындарды қоспағанда сақтандыру бойынша таза сыйлықақылар және қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақылардан ұсталған комиссиялар кіреді.

Таза сақтандыру сыйлықақылары - қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақыларды шегергенде брутто сыйлықақылар. Келісімшартты жасасу кезінде сыйлықақылар сақтандыру сыйлықақылары ретінде танылады және сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде барабар негізде кірістерге жатады. Аккұла сыйлықақылар қоры - мерзімі өтпеген сақтандыру шартына кіретін сақтандыру сыйлықақыларының бөлігі болып табылады және қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте міндеттемелер құрамына қосылады.

Төленген залалдар мен залалдар бойынша қордың өзгеруі сақтандыру талаптарын реттеуге кеткен залалдар мен шығындар бойынша қорларды қайта бағалау арқылы туындауына байланысты кірістер мен залалдар туралы шоғырландырылған есептілікте есептеледі.

Шығыс қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Аквизициялық шығындар сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлеріне төленетін комиссиялардан тұрады және қоса беріліп отырған қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте аккұла сыйлықақылар қорының азаюы ретінде көрсетіледі және тиісті сыйлықақылар алынған кезең ішінде амортизацияланады.

Топ сақтандыру бойынша міндеттемелер болашақта күтілетін ақша ағынына сәйкес келетініне көз жеткізу үшін әрбір есепті күнге міндеттемелердің барабарлығын тексеруді орындайды. Бұл талдау ең үздік жорамалдар мен бағалауды пайдалана отырып, міндеттемелердің баланстық құнын және болжанатын болашақ дисконталған ақша ағындарын (сыйлықақыларды, наразылықтарды, шығындарды, инвестициялар бойынша қайтаруларды және басқа баптарды қоса алғанда) салыстыру жолымен жүргізіледі.

Міндеттемелердің жеткіліксіздігі анықталған жағдайда (яғни сақтандыру міндеттемелерінің баланстық құны болашақ ақша ағындарының болжамды құнынан аспайды), онда бұл жеткіліктіліксіздік пайда мен залалдар және басқа да жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есепте толық көлемде танылады.

Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша қорлар болжамды шығындардың қорытынды бағалауы болып табылады және мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдардың қорын (бұдан әрі - «МРЗҚ») және орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар қорын (бұдан әрі - «ОМЗҚ») қамтиды.

МРЗҚ есепті күнге реттелмеген қолдағы мәлімделген шағымдар бойынша құрылады. Бағалау сақтандыру жағдайын тергеу барысында Топ алған ақпарат негізінде жүргізіледі. ОМЗҚ Компания шағымдардың алдыңғы тарихы/сақтандыру шағымдарын реттеу негізінде, сақтандыру үшбұрыштарын қамтитын есептеудің актуарлық әдістерін пайдалана отырып, статистикалық деректері бар сақтандыру сыныптары бойынша есептейді. Статистикалық деректері жоқ сақтандыру сыныптары бойынша ОМЗҚ ҚРҰБ талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақылары сомасының кемінде 5%-ы мөлшерінде құрылады.

Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындарға арналған қорлардағы қайта сақтандырушылардың үлесі қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесіне сәйкес есептеледі.

Өткен 2021 жылы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша жиналған брутто сыйлықақылар көлемі 14 993 029 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 41,43%-ға артық. 2021 жыл ішінде Компания автокөліктерді сақтандыру сыныбы бойынша сыйақыларды жинауды 97,77% арттырды және КҚИ АҚЖ міндетті сақтандыру жарнасын 23,35%-ға төмендетті. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар көлемі 917 826 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 29,07%-ға аз. Топтың жеке ұстап қалуы 2021 жылдың нәтижелері бойынша 94%-ды, 2020 жылы 86%-ды құрады. 2021 жыл бойынша таза сақтандыру сыйлықақылары 14 075 203 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 51,23%-ға артық.

Сақтандыру қызметінен түскен кірістер 2021 жыл бойынша 12 524 079 мың теңгені құрады, ал 2020 жылы олар 8 301 556 мың теңгені құрады, ұлғаю 50,86% құрады.

2021 жыл ішінде Топ инвестициялық қызметтен 3 833 322 мың теңге мөлшерінде кіріс алды, 2019 жылы инвестициялық кіріс 1 701 696 мың теңгені құрады.

Өткен 2021 жыл бойынша Топ 4 665 974 мың теңге сомасында сақтандыру төлемдерін жүзеге асырды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 19%-ға аз. Таза сақтандыру төлемдерінің көлемі 4 536 722 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 18,68%-ға артық.

Негізгі сомалар автокөлік иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру, автокөлікті, АҚЖ ерікті сақтандыру, және медициналық сақтандыру бойынша төленді. Сақтандырудың осы сыныптары барлық Топ төлемдерінің 99%-ын құрады.

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілікте танылмайды, бірақ егер экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың жылыстауы екіталай болса, жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетіледі. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді, бірақ экономикалық пайда алу ықтимал болатын жағдайларда ашылады.

Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікті (оқиғаларды түзетін) жасау күніндегі Топтың жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жылдың аяқталуынан кейінгі оқиғалар жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін пайда болатын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылатын болса, ескертулерде анықталады.

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған есептілікті Топ басшылығы 2022 жылдың 28 сәуірінде басылымға мақұлдады.

«КОММЕСК-ӨМІР» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған қаржылық жыл бойынша
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА ХАТ

«Коммеск-Өмір» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1991 жылдың 19 қарашасында Қазақстан Республикасында құрылды.

Компанияның Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ», бұрын Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау бойынша Қазақстан Республикасының агенттігі ретінде мәлім болған) Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау бойынша Қазақстан Республикасының комитеті берген, 2011 жылдың 30 желтоқсанындағы № 2.1.1 жалпы сақтандыру саласындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар.

Компания мүлікті сақтандыру және жазатайым оқиғалардан сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, жеке сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша түрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

Компанияның тіркелген кеңседі келесі мекенжай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның акционерлері болып табылады: «Сентрас Капитал» ЖШС - 81,80%, «Сентрас Иншуранс» АҚ – 6,0%, басқалары (иелену үлесі 5%-дан кем) – 12,20% 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша Компанияның түпкі бақылау тұлғасы Қазақстан Республикасының азаматы Абдразаков Е.С. мырза болып табылады.

2019 жыл ішінде Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес ұйымын (бұдан әрі – Еншілес ұйым) құрды. Еншілес ұйым Қазақстан Республикасының аумағында өмірді сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асырады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Сентрас Kommesk Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 3 800 000 мың теңге сомасындағы 100% жай акцияларының үлесіне иелік етеді, олар жеке қаржылық есептілікте бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Еншілес компания сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылатын өмірді сақтандыру бойынша әртүрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады.

2022 жылғы 1 сәуірде A.M.Best халықаралық рейтингтік агенттігі «Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ рейтингтерін растады: қаржылық тұрақтылық рейтингі «B-» және ұзақ мерзімді эмитенттің несиелік рейтингі «bb-». Рейтинг болжамы «тұрақты».

2017 жылдың мамырында ХҚЕС бойынша Кеңес ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттарын» шығарды, бұл тану мен бағалау, ақпаратты ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттарына арналған кешенді жаңа қаржылық есептілік стандарты. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енген кезде ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» алмастырады.

17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан, сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне және дискрециялық қатысу шарттарымен кейбір кепілдіктер мен қаржылық құралдарға қолданылады. Стандарттың қолданылу аясында бірнеше ерекшеліктер бар. 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарының сипаттамалары бар банк өнімдер үшін есепке алудың жаңа талаптарын енгізеді, бұл қандай құралдардың немесе олардың құрамдастарының 9 ХҚЕС (IFRS) немесе 17 ХҚЕС (IFRS) қолдану аясына кіретінін анықтауға әсер етуі мүмкін.

Компания басшылығы өтеу мерзімі 12 ай немесе одан аз келісімшарттарға қолданылуы мүмкін немесе мұндай онайлату жалпы үлгіні қолдану арқылы алынған бағалаудан айтарлықтай ерекшеленбейтін қалған өтеу бойынша міндеттемені бағалуға әкелетін қысқа мерзімді келісімшарттар үшін жеңілдетілген тәсілді (немесе сыйлықақыны болуды) қолдануды күтеді. Онайлату болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнына бөлуді (Present value of future cashflows), шарт бойынша қызмет көрсету тәуекелін және маржасын түзетуді (Contract service margin) талап етпейтін, керісінше сатып алудан алынған амортизацияланған ақша ағындары мен еңбек етіп алынған сыйлықақыны шегеріп тастаумен, алынған сыйлықақыға негізделетін қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемені өлшеуге қолданылады. Шығындар бойынша міндеттемелер барлық келтірілген шығындар дисконттау мен тәуекелді түзетуге жататын жалпы үлгіге сәйкес өлшенетін болады.

Компания аквизициялық шығындарды есепке алу тәртібін оларды тану бөлігінде қайта қарады. Бұрын Компания кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар ретінде болашақ есепті кезеңдерге жататын және әрбір сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде қайта сақтандыруға қабылданған әрбір шарт бойынша ақшұла сыйлықақылар резервінің есептелген сақтандыру сыйлықақыларымен қатынасындағы бірдей пропорцияда болатын аквизициялық шығындарының бір бөлігін мойындады.

2021 жылдың 1 қаңтарына дейін Компания өзіне қатысты сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі ішінде аквизициялық шығындарды амортизациялады. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Компания кейінге қалдырылған аквизициялық шығындарды есепке алу тәртібін шығындарға өзгертті, өйткені Компания жаңа есеп үлгісі оның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға неғұрлым маңыздырақ ақпарат береді деп есептейді, өйткені бұл оның Бас компания және онымен байланысты еншілес компанияларында қолданылатын тәжірибесіне көбірек сәйкес келеді. Сонымен қатар, есепке алудың жаңа үлгісі аквизициялық шығындардың сенімді бағалауын қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, Компания есеп саясатындағы бұл өзгерісті ретроспективті түрде қолданды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есептілікті ұсыну форматына сәйкестендіру үшін 2020 жылғы 1 қаңтардағы және 31 желтоқсандағы салыстырмалы ақпаратта басқа активтер мен басқа міндеттемелерге тиісті қайта жіктеулер жүргізілді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы жеке есептілікке қайта есептеу мен қайта жіктеулердің әсері төменде келтірілген:

Мың теңгемен	2019 жылдың 31 қаңтары (қайта есептеуге және қайта жіктеуге дейін)	Аквизициялық шығындарды қайта есептеу	Қайта жіктеу	2019 жылдың 31 қаңтары (қайта есептеуден және қайта жіктеуден кейін)
АКТИВТЕР:				
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар	721,251	(719,432)	(1,819)	–
Материалдық емес активтер	146,124	–	(146,124)	–
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	13,205	–	(13,205)	–
Басқа да активтер	190,986	–	161,148	**352,134**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Болашақ кезеңдердің табыстары	309,777	–	(309,777)	–
Жалдау бойынша міндеттемелер	152,943	–	(152,943)	–
Басқа да міндеттемелер	328,853	–	462,720	**791,573**
КАПИТАЛ:				
Бөлінбеген пайда	8,522,237	(719,432)	–	**7,802,805**

Төменде 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы жеке есептілікке қайта есептеулер мен қайта жіктеулердің әсері ұсынылған:

Мың теңгемен	2020 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есептеуге және қайта жіктеуге дейін)	Аквизициялық шығындарды қайта есептеу	Қайта жіктеу	2020 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есептеуден және қайта жіктеуден кейін)
АКТИВТЕР:				
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар	1,073,221	(1,063,615)	(9,606)	–
Материалдық емес активтер	142,512	–	(142,512)	–
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	11,620	–	(11,620)	–
Басқа да активтер	144,599	–	163,738	**308,337**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:				
Болашақ кезеңдердің табыстары	24,452	–	(24,452)	–
Жалдау бойынша міндеттемелер	135,850	–	(135,850)	–
Басқа да міндеттемелер	292,474	–	160,302	**452,776**
КАПИТАЛ:				
Бөлінбеген пайда	10,467,265	(1,063,615)	–	**9,403,650**

2021 жылы дивидендтер жарияланған жоқ немесе төленген жоқ.

2021 жылдың 01 қаңтарының басындағы жағдай бойынша **АКТИВТЕР** 24 723 269 мың теңге құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер сомасы 31 073 064 мың теңгені құрады, бұл 6 349 795 мың теңгеге артық. Өзгеріс 25,68% құрады.

Жеке баптар кескінінде кезеңдегі активтердің өзгеруі (қорларды (провизияларды), теріс түзету шоттарын және есептелген амортизацияны ескере отырып) жиынтық мәндерін көрсете отырып, келесідей сипатталады:

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы **ақша қаражаттары және олардың баламалары** 3 216 416 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 1 786 8903 мың теңгені құрады, ұлғаю 44,44% құрады; ақшалай қаражаттар кассадағы қолма-қол ақшаны, брокерлік шоттардағы, ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражатты, жолдағы ақшалай қаражатты және бір айға дейінгі мерзімде «РЕПО кері сатып алу» шарттарын қамтиды;

– 2021 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша **банктердегі қаражат** 250 048 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша олар жоқ; Қалыпты қызмет барысында Компания банктерге әр түрлі кезеңдерге депозиттер салады. Депозиттер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетілген қаржылық активтер** 11 437 608 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 21 467 792 мың теңге құрады, яғни 87,69%-ға ұлғайды; қаржылық активтер пайда мен залалдарды қайта бағалауды көрсетумен әділ құн бойынша көрсетіледі. Таза пайда немесе залалдар қаржылық актив бойынша алынған дивидендтер мен пайыздарды қамтиды және пайда мен залалдар туралы жеке есепте және өзге де жиынтық кірісте көрсетіледі;

– 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша **еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар** 3 800 000 мың теңгені құрады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **сату үшін қолда бар қаржылық активтер** 43 014 мың теңгені құрады, ал 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 12 319 мың теңгені құрады, төмендеу 71,36- ды құрады; Ұйымдастырылған нарықтардағы акциялар мен мерзімді облигациялар «сату үшін қолда бар» ретінде жіктеледі және әділ құны бойынша көрсетіледі. Әділ құнның өзгеруіне байланысты туындаған кірістер мен шығыстар, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық кірісті, тұрақты сипатағы құнсыздану жағдайларын, пайдада немесе залалда таныған бағамдық айырма жағдайларын есептемегенде, инвестицияларды қайта бағалау қорының құрамында өзге де жиынтық кірісте танылады. Қаржылық активтің шығып кетуі немесе құнсыздануы жағдайында сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша қорда бұрын танылған жинақталған кірістер немесе шығыстар шығу немесе құнсыздану кезеңіндегі қаржылық нәтижелерге жатады;

– сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 412 054 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 523 179 мың теңгені құрады, артуы 26,97 %- ды құрады; Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек тиісті кіріс талыған кезде танылады. Құнсыздану үшін сақтандыру бойынша дебиторлық берешегінің баланстық құнын шолу оқиғалар немесе жағдаяттар баланстық құнын өтеу мүмкін болмайтынын көрсеткен барлық жағдайларда қайта қаралады; және құнсызданудан болған залал пайда мен залалдар және басқа да жиынтық кіріс туралы жеке есептілікте көрсетіледі. Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешекті тануды тоқтату қаржылық активтерді тануды тоқтату бойынша критерийлері орындалған кезде жүзеге асырылады;

– ақшұла сақтандыру сыйлықақыларының қорларындағы қайта сақтандырушының үлесі 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 237 804 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 248 865 мың теңгені құрады, жоғарылау 4,65%-ды құрады; Компания қалыпты қызмет барысында жалпы сақтандыру келісімшарттары бойынша қайта сақтандыру тәуекелін де өз мойнына алады. Қабылданған қайта сақтандыру бойынша сыйлықақылар мен залалдар қайта сақтандыру түрлеріне сәйкес сақтандыру бойынша кірістер мен шығындар сияқты кірістер мен шығындар ретінде танылады. Қайта сақтандыру бойынша міндеттемелер қайта сақтандырушылар алдындағы міндеттемелер болып табылады. Төленуге тиісті сомаларды бағалау қайта сақтандыру келісімшарттарына сәйкес жүргізіледі. Сыйлықақылар мен төлемдер тапсырылған қайта сақтандырулар үшін де, қабылданған қайта сақтандыру үшін де жалпы сома түрде ұсынылған. Қайта сақтандыру активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату келісімшарттық міндеттемелер орындалған немесе оның қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе келісімшарт басқа тарапқа берілген кезде жүзеге асырылады;

– сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша қорлардағы қайта сақтандырушының үлесі, 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 3 974 751 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 1 790 196 мың теңгені құрап, төмендеу 54,96 % құрады. 2021 жылы Компания сақтандыру төлемінен сот тәртібімен бас тартуға байланысты сақтандыру төлемдерін реттеу бойынша залалдар мен шығындар резервін қысқартты. Көбінесе бұл өзгеріс бір сақтандыру шарты бойынша 2019 жылы жарияланған сақтандыру жағдайына қатысты. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша залалдың мүмкін болатын алдын ала сомасы 1,209,843 мың теңгеге бағаланды. 2021 жылы сақтандыру төлемінен бас тарту сот тәртібімен жарияланды. Сот актілеріне шағымданудың барлық іс жүргізу мерзімдері өтіп кеткен, соған байланысты резерв алынып тасталды;

– ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 163 333 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 247 961 мың теңгені құрады, яғни 51,81 %-ға өсті;

– негізгі құралдар 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 879 904 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 770 679 мың теңгені құрады, өсім 12,41 % құрады; Жер мен ғимараттар қайта бағалау сәтінде келесі жинақталған тозуды және құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергендегі әділ құн болып табылатын қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі, жердің әдетте қызмет ету мерзімі шектелмеген және амортизацияға жатпайды. Қайта бағалау негізгі құралдардың баланстық құны есепті күнгі олардың әділ құнынан қатты ерекшеленбейтіндей етіп тұрақты түрде жүргізіледі. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттар мен құрылыстардың құнының кез келген ұлғаюы басқа жиынтық кіріске қосылады және бұрын залал ретінде көрсетілген сол активтер құнының алдыңғы төмендеуінен асып түсетін дәрежеде капиталға жинақталады. Алдыңғы төмендеу сомалары шегіндегі қайта бағалау қаржылық нәтижесе жатады. Қайта бағалау нәтижесінде ғимараттардың баланстық құнының төмендеуі осы активтің алдыңғы қайта бағалау нәтижесінде пайда болған қайта бағалау қорының қалдығынан асып түсу сомасындағы қаржылық нәтижеге де жатады. Қайта бағаланатын ғимараттар мен құрылыстардың тозуы бойынша шығындар пайда мен залалда көрсетіледі. Қайта бағаланатын ғимаратты кейін сату немесе есептен шығару кезінде негізгі құралдарды қайта бағалау қорының қалдығы бөлінбеген пайданың шотына тікелей жазылады. Көліктік және басқа да негізгі құралдар жинақталған тозумен және құнсызданудан жинақталған залалдары шегергендегі бастапқы құн бойынша көрсетіледі;

Компания 2021 және 2020 жылдары тәуелсіз бағалау компаниясын тарта отырып, жер мен ғимараттарды қайта бағалауды жүргізді. Компания 50,431 мың теңге сомасына (2020: 133,587 мың теңге сомасына табыс) қайта бағалаудан түскен пайданы мойындады.

ҚЕХС (IFRS) 16 қабылдағанған кейін Компания жалға алушы болып табылатын барлық жалдау шарттары үшін есеп пен бағалауды жүргізудің бірыңғай тәсілін қабылдады, тек басталу күніне жалдау мерзімі 12 ай және одан аз болатын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтымайтын жалдау шарттарын және негізгі активтің құны төмен (төмен құнды активтер) жалдау шарттарын тану бойынша жайттар.

Қаржылық жағдай туралы жеке есептілікте, жиынтық залал туралы жалпы есепте және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте танылған сомалар:

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы құқық түріндегі активтер – 66 709 мың теңге, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 53 772 мың теңге;

– 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі амортизация бойынша шығындар – 12 937 мың теңге;

– 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі пайыздық шығындар – 13 007 мың теңге;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша жалдау бойынша міндеттеме – 135 850 мың теңге, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 115 786 мың теңге.

– материалдық емес активтер 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 142 512 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 125 534 мың теңгені құрады, төмендеу 11,91 %- ды құрады; Материалдық емес активтер бағдарламалық жасақтаманы қамтиды және жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегергендегі өзіндік құн бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтердің амортизациясы тікелей әдіспен есептеледі және актив пайдалануға дайын болған сәттен басталады. Жеке қаржылық есептілікті дайындау мақсаттары үшін Компания 5 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімін пайдалана отырып, материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептейді, немесе лицензиялық шарттың немесе патенттің қолданылу мерзімі негізінде құжаттың негізінде есептейді. Пайдалы қызмет көрсетудің болжалды мерзімдері, тарату құны және амортизацияны есептеу әдісі әр жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **инвестициялық жылжымайтын мүлік** 11 620 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 8 328 мың теңгені құрады, 28,33 %-ға төмендеді; Инвестициялық жылжымайтын мүлік – жалға алу, капиталдың өсу кезеңі немесе екі тәсілмен де пайдаланылатын объектілер (құрылыс сатысындағы мұндай объектілерді қоса алғанда) болып табылады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері бастапқыда сатып алу құны, оның ішінде сатып алуға кеткен шығындар бойынша есептеледі. Олар кейіннен әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгеруі пайдаға немесе залалдарға олар туындаған кезеңде енгізіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі ол шығып кеткен немесе пайдаланудан түпкі шығарылған кезде, онымен байланысты экономикалық пайда алу көздемейтін кезде баланстан есептен шығарылады. Объектінің шығуынан болатын кез келген кіріс немесе залал (шығудан түскен таза табыстар пен активтің баланстық құны арасындағы айырма) есептен шығару кезеңі ішінде пайдаға немесе залалға қосылады.

– өзге де активтер 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 154 205 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 291 321 мың теңгені құрады, ұлғаю 88,92%-ды құрады.

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** 14 377 644 мың теңге құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша міндеттемелер сомасы 7 346 803 мың теңгені құрады, бұл 2 969 159 мың теңгеге артық. Өзгеріс 20, 65% құрады.

Жеке баптар тұрғысынан кезең ішіндегі міндеттемелердің өзгеруі мынадай түрде, жалпы мәндерді көрсетумен сипатталады:

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша несиелік берешек** 623 242 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 310 006 мың теңгені құрап, 50,26 %- ға төмендеді;

– ақшұла сақтандыру сыйлықақыларының қоры 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 5 268 124 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 6 706 711 мың теңгені құрады, өсім 27,31%;

– 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша резервтер 7 659 563 мың теңгені құрады, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сома 4 711 408 мың теңгені құрады, ұлғаю 38,49% құрады.2021 жылы Компания сақтандыру төлемінен сот тәртібімен бас тартуға байланысты сақтандыру төлемдерін реттеу бойынша залалдар мен шығындар резервін қысқартты. Көбінесе бұл өзгеріс бір сақтандыру шарты бойынша 2019 жылы жарияланған сақтандыру жағдайына қатысты. 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша залалдың мүмкін болатын алдын ала сомасы 1,209,843 мың теңгеге бағаланды. 2021 жылы сақтандыру төлемінен бас тарту сот тәртібімен жарияланды. Сот актілеріне шағымданудың барлық іс жүргізу мерзімдері өтіп кеткен, соған байланысты резерв алынып тасталды;

– тікелей РЕПО шарттары 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 368 349 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 4 994 798 мың теңгені құрады, ұлғаю 1 256% құрады;

– кейінге қалдырылған салық міндеттемелері 2021 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша 5 590 мың теңгені, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сома 54 811 мың теңгені құрады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **болашақ кезеңдердің кірістері** 24 452 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша бұл сома 2 043 мың теңгені құрады, төмендеу 91,64% құрады;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **жалдау бойынша міндеттемелер** 135 850 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 115 786 мың теңгені құрады, 14,77%-ға төмендеді;

– өзге міндеттемелер 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 292 474 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 451 240 мың теңгені құрап, 54,28%- ға ұлғайды.

2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **КАПИТАЛ** 10 345 625 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша капитал сомасы 13 726 261 мың теңгені құрады, бұл 3 380 636 мың теңгеге артық. Өзгеріс 32,68% құрады.

Жекелеген баптар қимасында кезең ішіндегі капиталдың өзгеруі жалпы мәндерін көрсете отырып, төмендегідей сипатталады:

– жарғылық капитал 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 300 000 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сома 300 000 мың теңгені құрады, бұл кезең ішінде өзгерістер болмады; 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған жай акциялардың саны 230,000 құрады және олардың ішінде орналастырылған акциялардың саны 300 000 мың теңге номиналындағы 122,400 жай акция құрады. Әрбір жай акция дауысқа құқық береді, және дивидендтерді бөлуде акциялар тең. 2021 және 2020 жылдар ішінде дивидендтер жарияланбаған және төленбеген;

– мүлікті қайта бағалау қоры 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 618 979 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 578 410 мың теңгені құрады, 6,55%-ға төмендеді;

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы **жағдай бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау қоры** (430) мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанында деректер жоқ;

– тұрақтандыру қоры 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша 8 426 мың теңге құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 149 353 мың теңгені құрады, өсім 1 672,53%; Тұрақтандыру қоры бөлінбеген пайданы түзету арқылы капиталда танылады және сақтандыру ұйымының оның орташа мәнінен шығындылығын сипаттайтын коэффициент асып кеткен жағдайда болашақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға байланысты сақтандыру ұйымының міндеттемелерін бағалау болып табылады;

– 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша **өзге резервтер** сомасы 15 000 мың теңгені құрады.

– 2021 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша **бөлінбеген пайда** 9 403 650 мың теңгені құрады, 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сомасы 12 683 498 мың теңгені құрап, 34,87 %-ға ұлғайды.

Қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалды. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ төлем уақытына қарамастан оларды жасау фактісі бойынша оқиғаларды тануды көздейді. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар жататын кезеңдердің жеке қаржылық есептілігіне енгізіледі.

Сақтандыру қызметінен түскен кірістерге сақтандыру талаптарын реттеуге кеткен залалдар мен шығындар бойынша төленген залалдар мен қорларды, ақшұла сыйлықақылар қорының таза өзгеруін, сондай-ақ аквизициялық шығындарды қоспағанда сақтандыру бойынша таза сыйлықақылар және қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақылардан ұсталған комиссиялар кіреді.

Таза сақтандыру сыйлықақылары - қайта сақтандырушыларға берілген сыйлықақыларды шегергенде брутто-сыйлықақылар. Келісімшартты жасасу кезінде сыйлықақылар сақтандыру сыйлықақылары ретінде танылады және сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде барабар негізде кірістерге жатады. Ақшұла сыйлықақылар қоры - мерзімі өтпеген сақтандыру шартына кіретін сақтандыру сыйлықақыларының бөлігі болып табылады және қаржылық жағдайы туралы жеке есептілікте міндеттемелер құрамына қосылады.

Төленген залалдар мен залалдар бойынша қордың өзгеруі сақтандыру талаптарын реттеуге кеткен залалдар мен шығындар бойынша қорларды қайта бағалау арқылы туындауына байланысты кірістер мен залалдар туралы жеке есептілікте есептеледі.

Шығыс қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап пайда мен шығындар туралы жеке есепке енгізіледі.

Компания сақтандыру бойынша міндеттемелер болашақта күтілетін ақша ағынына сәйкес келетініне көз жеткізу үшін әрбір есепті күнге міндеттемелердің барабарлығын тексеруді орындайды. Бұл талдау ең үздік жорамалдар мен бағалауды пайдалана отырып, міндеттемелердің баланстық құнын және болжанатын болашақ дисконтталған ақша ағындарын (сыйлықақыларды, наразылықтарды, шығындарды, инвестициялар бойынша қайтаруларды және басқа баптарды қоса алғанда) салыстыру жолымен жүргізіледі.

Міндеттемелердің жеткіліксіздігі анықталған жағдайда (яғни сақтандыру міндеттемелерінің баланстық құны болашақ ақша ағындарының болжамды құнынан аспайды), онда бұл жеткіліксіздік пайда мен залалдар және басқа да жиынтық кірістер туралы жеке есепте толық көлемде танылады.

Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындар бойынша қорлар болжамды шығындардың қорытынды бағалауы болып табылады және мәлімделген, бірақ реттелмеген залалдардың қорын (бұдан әрі – «МРЗҚ») және орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдар қорын (бұдан әрі – «ОМЗҚ») қамтиды.

МРЗҚ есепті күнге реттелмеген қолдағы мәлімделген шағымдар бойынша құрылады. Бағалау сақтандыру жағдайын тергеу барысында Компания алған ақпарат негізінде жүргізіледі. ОМЗҚ Компания шағымдардың алдыңғы тарихы/сақтандыру шағымдарын реттеу негізінде, сақтандыру ұшбұрыштарын қамтитын есептеудің актуарлық әдістерін пайдалана отырып, статистикалық деректері бар сақтандыру сыныптары бойынша есептейді. Статистикалық деректері жоқ сақтандыру сыныптары бойынша ОМЗҚ ҚРҰБ талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақылары сомасының кемінде 5%-ы мөлшерінде құрылады.

Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған залалдар мен шығындарға арналған қорлардағы қайта сақтандырушылардың үлесі қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесіне сәйкес есептеледі.

Өткен 2021 жылы сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша жиналған брутто сыйлықақылар көлемі 12 727 626 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 22,55%-ға артық. 2021 жыл ішінде Компания автокөліктерді сақтандыру сыныбы бойынша сыйақыларды жинауды 97,77% арттырды және ҚКИ АҚЖ міндетті сақтандыру жарнасын 13,35%-ға төмендетті. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар көлемі 917 472 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 29,10%-ға аз. Компанияның жеке ұстап қалуы 2021 жылдың нәтижелері бойынша 93%-ды, 2020 жылы 88%-ды құрады. 2021 жыл бойынша таза сақтандыру сыйлықақылары 11 810 154 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 29,90%-ға артық.

Сақтандыру қызметінен түскен кірістер 2021 жыл бойынша 10 382 628 мың теңгені құрады, ал 2020 жылы олар 8 236 819 мың теңгені құрады, ұлғаю 26,05% құрады.

2021 жыл ішінде Компания инвестициялық қызметтен 3 206 074 мың теңге мөлшерінде кіріс алды, 2020 жылы инвестициялық кіріс 1 291 516 мың теңгені құрады.

Өткен 2021 жыл бойынша Компания 4 634 873 мың теңге сомасында сақтандыру төлемдерін жүзеге асырды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 18,48%-ға артық. Таза сақтандыру төлемдерінің көлемі 4 505 621 мың теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 18,15%-ға артық.

Негізгі сомалар автокөлік иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру, автокөлікті, АҚЖ ерікті сақтандыру, және медициналық сақтандыру бойынша төленді. Сақтандырудың осы сыныптары барлық Компания төлемдерінің 99%-ын құрады.

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы жеке есептілікте танылмайды, бірақ егер экономикалық пайданы білдіретін ресурстардың жылыстауы екіталай болса, жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетіледі. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілмейді, бірақ экономикалық пайда алу ықтимал болатын жағдайларда ашылады.

Қаржылық жағдайы туралы жеке есептілікті (оқиғаларды түзетін) жасау күніндегі Компанияның жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын жылдың аяқталуынан кейінгі оқиғалар жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін пайда болатын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылатын болса, ескертулерде анықталады.

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі жеке есептілікті Компания басшылығы 2022 жылдың 28 сәуірінде басылымға мақұлдады.

Басқарма Төрағасы _____ **Ханин О.А.**

Бас бухгалтер _____ **Алькенова Ж.М.**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Адина-сервис групп» ЖШС, БСН 191140024238, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жезқазған қаласы, Сәтпаев көшесі, 95/13, тел.: 87479558171.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Аққөл ауданы бойынша білім бөлімі Радовка ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекем

КӘСІБІҢ-НӘСІБІҢ

ӨҢІРДЕ ӨНДІРІС ДАМЫП ЖАТЫР

Кәсіп түбі – нәсіп. Күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті ас-судан бастап құрал-жабдыққа дейін қолдан жасау, барды ұқсатып, бағасын асыру – екінің бірінің қолынан келе бермейді. Істің көзін табу, кәсіпті шырқ үйіру мықтының мықтысының ғана қолынан келеді. Бүгін де мұндай еңбекқор, талантты, қабілетті, қажырлы, іскер адамдарды кәсіпкер дейміз. Арамызда ондай азаматтар аз емес. Олар өз шаруасын ғана дөңгелетіп отырған жоқ, олар сонымен қатар біраз адамға жұмыс беріп, күнкөрісіне қарайласып отыр. «Өңірлік коммуникациялар қызметі» КММ мен Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жобасы аясында өңірдегі осындай кәсіпкерлер жайын сөз етпекпіз.

Аймақта ел азаматтары қолдан келгенше ішкі нарықты түгендеп, «қызылордалық өнім» атауын көбейтуге тырысып жүр. Бұл салаға мемлекеттік қолдау да бір ізге түскен. «Кәсіп бастаймын» деген адамға кедергі жоқ. Идея, талап, ниет болса болды. Қаржы таппай қиналса «Бизнесті іске асыру – қайтарымсыз» гранты секілді қолдау түрі жетерлік. Қажетті тың идея болса мемлекет қайтарымсыз 5 млн қаражат береді. Бұл игіліктің жемісін көре бастағандар бар. Сондай кәсіпорындарының бірі – «Әділханова» ЖК «Құрылысқа қажетті металл өнімдерін өндіру» орны. Қаланың Көшербаев көшесінде орналасқан кәсіпорынды Исатай Шалқарұлын өз үйінің ауласында 2020 жылы бастаған. Бұл кішкене бастама бүгін үлкен цехқа айналып отыр. Қазір өндіріс ұлғайып, қосымша жұмыскерлер алынып, өнім көлемі де артқан. «Біздің негізгі шығаратын өнімдеріміз құрылысқа қажетті тауарлар. Екі жыл бойы жеке тапсырыстар бойынша жұмыс істеудеміз. Жылдан жылға цехтың көлемі ұлғайып, шығаратын өнімнің түрлері көбейді. Бүгінде 8 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта автоматтандыру жүйесіне көшуді жоспарлаудамыз. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігін арттыруға үлкен септігін тигізбек», – деді «Әділханова» ЖК директоры Исатай

Нұржанов. Қазіргі кезде күніне 1500 м2 тор сеткаларды өндіреді. Жұмысшы саны – 8 адам. Айлық табыстары да жаман емес, істеген жұмыс көлеміне қарай жалақысын алады. Шамамен 120-150 000 теңге көлемінде. Өнім 100 пайыз ішкі нарықта сатылады. Айтуларынша базар бағаларынан әлдеқайда арзан көрінеді. Өндіріс қызметі де қарапайым. Шымкент қаласынан алынған сым қиылып, одан бір біріне дәнекерленіп тор сеткалар жасалады. Алдағы уақытта цех көлемін арттырып, бұданда жоғары өнім өндіріп, жұмысшы санын арттыру ойда бар екенін айтты. Ол үшін мемлекеттен жер телімі берілсе, кәсіпкер өз қаражатымен оны дамытуға қауқарлы.

«Кәсібін бастаймын деген адамдарға мотивация болсын қаржылық құпияммен де бөлісейін. Өзім бұған дейін бірнеше кәсіп бастаған жанмын. Қазіргі өнеркәсіп түрі – табысқа түзу іс. Айына 18-20 млн табыс кіреді. Шикізатқа керек қаржы, жұмыс күшінің жалақысынан бөлек таза пайдасы 1-2 млн. Алматыдан, әрі асса Қытайдан қажетті құрылғыларды алдырып, ісіңді бастап кетесің. Ішкі сұранысты толық қамту үшін әлі де кәсіпорындар керек. Бұ жай ғана сымнан тоқылған тор болғанымен құрылысқа аса қажетті өнім. Сондықтан бұл кәсіппен айналысқысы келетін адам сұраныс жағына көп ойланбаса да болады,– дейді кәсіпкер. Қара жұмыс істегісі келмейтін адамдардың көп екенін де тиек етіп, «Жұмыспен қамту орталығына жұмыскер керек» – деп хабарлама бергенімен ниетті жастардың қарасы көрінбегенін де жасырмады. Келіп, жұмыс түрін көрген соң «хабарласармыз» деп кететіндер көп екен.

Тағы бір ісін дөңгелетіп отырған өндіріс орнының бірі – «ВЕГА – Пром» ЖШС. Бимағанбетов Абдижаппар Төребайұлы басқаратын цех құрғақ құрылыс қоспаларын өндіреді. Қазірде 10 түрлі құрылыс заттарымен ішкі нарықты

қамтамасыз етіп отыр. Жоба құны 103 млн теңгені құрайды. 2015 жылы өз жұмысын бастаған кәсіпорын жұмысын кеңейтуді армандапты. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау есебінде Қызылорда қаласы, Белкөл кентінен 2,9 гектар жер телімі берілген. Бұл жайлы кәсіпкер: «Бүгінде жеке кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көп. Соның бірі – «Бизнестің жол картасы– 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жеке кәсібімді ашу үшін 3 гектар жер алдым. Қазіргі уақытта күніне 75 тоннадан астам өнім өндіреміз. Бүгін өндіріс қуаттылығын 24 мың тоннаға дейін ұлғайту мақсатында нысанның екінші кезеңін жүзеге асырып жатырмыз. Алдағы уақытта 50 адамға дейін жұмыспен қамту жоспарланып отыр, – деді «ВЕГА-Пром» ЖШС құрылтайшысы Әбдіхалық Ділманов. Сондай-ақ шикізат тасымалдауға темір жол салып берсе деген тілегін де жеткізіп қалды. Шикізат көздерінің басым бөлігі Алматы қаласынан алынады. Арал ауданынан құм тасымалданады.

Өндіріс орнын «қызылордалық» деуге толық негіз бар. Ең бастысы– құрылғылар Қызылордада құрастырылған. «Өзім Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде механик-инженер біліктілігі бойынша білім алдым. Оқу орны қабырғасында жүріп алған білімімді осы тәжірибе алаңында пайдаланып, құрылғыларды құрастырып шықтық. Жұрт секілді шекара асып, Қытайдан аппарат тасымадық»,– дейді Әбдіхалық Ділманов. Қазір өздері ойлап тапқан құрылғыларға сұраныс жоғары. Батыс Қазақстан, Түркістан секілді еліміздің 5 облысынан кәсіпкерлер қызығушылық танытып, бұлардың құрылғыларына тапсырыс береді екен. Өнім өндірумен қатар қажет құрал қондырғыларды да кәсіп ете білген ел азаматтарына қарап сүйсінесін. Кәсіптік мамандықта білім алушы студенттерге де есік ашық. Осы жылы кәсіпорын 21 баланы тәжірибеден өткізіпті. Тіпті қаласа, іске икемді қәмелеттік жасқа толған жастарды әрі қарай жұмыспен қамтып, өздеріне қызметкер етіп алуға да ниетті. Жұмыс уақыты 8 сағаттық, 6 күн.

Қазір өндіріс цехы өнімінің 25 пайызы көршілес облыстарға жөнелтілсе, қалған 75 пайызы ішкі нарыққа, сауда-ланады. Цехқа барып көтерме сауда бағасымен де, дара бағамен сауда жасауға болады. Құрылыс бастап, қажетті өнімді қайдан аларыңызды білмей жүрсеңіз Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Білік көшесіне баруға болады.

Қазіргі заман талабы да жалғыз табыс көзін аздық ететіндей. Арамызда тұрақты жұмысымен қатар қосымша шағын кәсібін ашқан азаматтар жүргенде «ондай болмақ қайда?» деудің өзі артық. Мемлекеттік бағдарламаларды жіті түсінген жанға «қаржыны қайдан алсам болады?» деп ойланудың да қажеті шамалы. Бизнесіңіз қоғам қажеттілігін қамтамасыз ететін болса мемлекет тарапынан жер телімі де, көмек қаражаты да дайын. Кәсібіңізді табысқа айналдыра алсаңыз сырттан «инвестиция құямын» деген ниеттілер де табылады. Тек өзіңіз мақсат етіп, іс қылу ғана керек. Ендеше қолдан келген іске кіріскен жөн. Кәсіпті болайық, нәсіпті болайық.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

БІР МҮДДЕ

АУЫЗ СУ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮҒА НАҚТЫ ҚАДАМДАР ЖАСАЛДЫ

Жаз мезгілінде Маңғыстауда ауыз су тапшылығы күшейе түседі. Өңірде су тұщытатын іргелі екі кәсіпорын бар. Халық санының күрт артуы мен Ақтауда жаңадан бой көтерген шағын аудандардың, туристік нысандардың көбеюі салдарынан халықты сумен толық қамтуда қиындықтар жоқ емес. Мәселен, «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС күніне 52 мың текше метр, ал «Каспий» су тұщыту зауыты 20 мың текше метр су өндіреді.

Мәселені түбегейлі шешу үшін жергілікті билік ауқымды 9 жобаны жүзеге асыруда. «Каспий» су тұщыту зауытының қуатын 20 мыңнан 40 мың текше метрге көбейту арқылы тіршілік нәріне деген біршама мұқтаждықты өтеуге болады. Бұл жобаға 12,6 млрд теңге бөлінген.

«Кәсіпорындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарының тең жартысы аяқталды. Жыл соңында толық бітіру жоспарланып отыр. Сол кезде Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданының Ақшұқыр және С. Шапағатов ауылдары мен Қарақия ауданының Құрық кенті толығымен ауыз сумен қамтылады. Алдағы уақытта тағы да зауыт қуатын 100 мың м3 дейін жеткізу жоспарланып отыр», – деді Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Бекбол Орынбасаров.

Ақтау қаласынан тәулігіне 20 000 текше метр су тұщыту зауытын салу жобасы басталады. Жоба құны – 4 млрд теңге. Сондай-ақ, «МАЭК-Қазатомөнер-

кәсіп» ЖШС аумағынан 24 мың текше метрлік су тұщыту қондырғысы салынатын болады. Сонда Ақтау қаласының халқын 100% сумен қамту жоспарланып отыр. Мұны «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп « ЖШС өкілдері де растады. Олар 2024 жылға дейін ауыз су көлемін толық арттыруды жоспарлап отыр.

Жақында Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС өндірістік нысанның жұмысымен танысты. Қазіргі уақытта «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС Ақтау қаласы мен оған іргелес жатқан елді мекендерге электр энергиясын және жылу берумен қатар, ауыз су және техникалық сумен қамтамасыз етеді. Тұтынушылардың саны – 205 мыңнан астам. Зауыт тәулігіне 52 мың текше метр тұщы су өндіреді, бірақ бұл көрсеткіш әлі де жеткіліксіз.

Қазіргі уақытта зауытта 9 су тұщыту қондырғысы жұмыс істеуде. Олардың төртеуі жаңа қондырғы. Алдағы уақытта халықты ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында жалпы қуаты тәулігіне 24 мың текше метр болатын жаңа су тұщыту қондырғысын орнату жоспарлануда.

Бұдан басқа, халықты ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін бұрыннан жұмыс жасап тұрған су тұщыту қондырғыларының әрқайсысының қуатын 12 мың текше метрге арттыру көзделіп отыр.

Өндірістің жағдайымен танысқан өңір басшысы жауапты тұлғаларға бірқатар нақты тапсырмалар берді.

«Су тұщыту қондырғыларының өнімділігі мен қуатын арттыру жұмыстарын жүргізу қажет. Тозығы жеткен қондырғыларға жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша кешенді жоспар әзірлеу керек. Сондай-ақ теңіз деңгейінің өзгеруіне қарамастан тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мердігер ұйыммен бірлесіп су тарту каналында жұмыстарды жандандыруды қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, «МАЭК - Қазатомөнеркәсіп» ЖШС жылу және су құбыры желілерін иеліктен шығару процесін жеделдеткен жөн», – деп атап өтті Нұрлан Ноғаев.

Айта кету керек, мұндай қондырғыларды пайдаланудың нормативтік мерзімі 20 жылды құрайды, нақты пайдалану мерзімі – 31 жылдан 40 жылға дейін.Соған қарамастан олар салыстырмалы түрде жарамды техникалық күйде өнім өндіруді жалғастыруда.Кәсіпорын су өндіру қуатының төмендігінен жыл сайын халыққа ауыз суды белгіленген кестемен беруге мәжбүр.

Жаңаөзен қаласы мен іргелес елді мекендердің тұрғындарын сумен қамту мақсатында Кендірлі ауылында да қуаты тәулігіне 50 мың текше метр су тұщыту зауыты салынбақ. Техникалық-экономикалық негіздемесіне мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны 87,8 млрд теңге. Жобаны іске асыру кезеңі – 2022-2024 жылдар «ҚазМұнайГаз» АҚ жасайды,– дейдіМаңғыстау облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бердібек Қартбаев.

Қазір өңірде су тапышылығы күніне 51 мыңтекше метрге жеткен. Мамандар 2025 жылға қарай бұл қажеттілік 250-260 мың текше метр болуы мүмкін екенін алға тартты. Жоспарланған жобалар уақытылы жүзеге асса, сапалы қызмет етіп, су тапшылығындағы қиындықты еңсеруге болады.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 87089299874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №107 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31